



HP ноутбугі

Анықтамалық нұсқаулық

© Copyright 2012 Hewlett-Packard Development Company, L.P.

AMD белгісі – Advanced Micro Devices, Inc. корпорациясының сауда белгісі. Bluetooth өз меншік иесінің сауда белгісі болып табылады және оны Hewlett-Packard компаниясы лицензия бойынша пайдаланады. Intel және Centrino – Intel корпорациясының АҚШ-тағы және басқа елдердегі сауда белгілері. Java – Sun Microsystems, Inc корпорациясының АҚШ-тағы сауда белгісі. Microsoft және Windows – Microsoft Corporation корпорациясының АҚШ-та тіркелген сауда белгілері.

Осы құжатта берілген ақпарат ескертусіз өзгертіледі. HP өнімдері мен қызметтеріне кепілдік тек осындай өнімдермен және қызметтермен бірге келетін тікелей кепілдік мәлімдемелерінде беріледі. Осы құжаттағы ешқандай мәліметтер қосымша кепілдік деп түсінілмеуі тиіс. HP компаниясы осы құжаттағы техникалық немесе редакторлық қателерге, не болмаса қалып кеткен мәліметтер үшін жауапты емес.

Бірінші басылым: қаңтар, 2012 ж.

Құжат бөлігінің нөмірі: 682530-DF1

Өнім ескертуі

Бұл анықтамалық нұсқаулықта көптеген модельдерге ортақ мүмкіндіктері сипатталған. Кейбір мүмкіндіктер компьютеріңізде болмауы мүмкін.

Бұл нұсқаулықтағы ең соңғы ақпарат алу үшін қолдау қызметімен хабарласыңыз. АҚШ-та қолдау алу үшін, <http://www.hp.com/go/contactHP> мекенжайы бойынша веб-торапты қараңыз. Дүние жүзі бойынша қолдау алу үшін, http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html веб-торабын қараңыз.

Қауіпсіздік ескертпелері

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Қызып кетумен байланысты зақымдарды немесе компьютердің қатты қызып кету жағдайларын азайту үшін, компьютерді тізеңізге қоймаңыз немесе компьютердің ауа желдеткішін бөгемеңіз. Компьютерді тек қатты, тегіс беттің үстіне қойып пайдаланыңыз. Қасында тұрған қосымша принтер сияқты қатты беттің немесе жастық, кілем немесе мата сияқты жұмсақ беттің ауа ағынын бөгеуіне жол бермеңіз. Сонымен қатар жұмыс кезінде айнымалы ток адаптерінің теріге немесе жастық, кілем немесе мата сияқты жұмсақ бетке тимеуін қадағалаңыз. Компьютер және айнымалы ток адаптері Ақпараттық технология жабдығы қауіпсіздігінің халықаралық стандарты (IEC 60950) арқылы белгіленетін пайдаланушыға рұқсат етілген бет температурасына сай келеді.

Мазмұны

1 Кіріспе	1
Жаңа компьютер туралы қосымша ақпарат іздеу	1
2 Желі орнату (тек таңдаулы үлгілерде)	3
Сымсыз қосылысты жасау	3
Сымсыз байланыс және желі күйінің белгішелерін анықтау	3
Сымсыз құрылғыларды қосу немесе өшіру	5
HP Connection Manager пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)	5
Амалдық жүйе басқару элементтерін пайдалану	5
WLAN құрылғысын қолдану	7
Бар WLAN желісіне қосылу	7
Жаңа WLAN желісін орнату	8
WLAN жүйесін қорғау	8
Басқа желіге роуминг	9
HP Мобильді кең жолақты модулін пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)	9
SIM картасын салу	10
SIM картасын алып тастау	10
GPS пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)	11
Bluetooth сымсыз құрылғыларын пайдалану	11
Bluetooth және интернетке қосылуды ортақ пайдалану (ICS)	11
Сымды желіге қосылу	12
Модемді пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)	12
Модем кабелін қосу	12
Елге/аймаққа арналған модем кабелінің адаптерін қосу	13
Орын параметрлерін таңдау	13
Ағымдағы орын таңдауын қарап шығу	13
Саяхат кезінде жаңа орналасуларды қосу	14
Жергілікті желіге (LAN) қосылу (тек таңдаулы үлгілерде)	15
3 Мультимедиа	16
Медиа белсенділігі пернелерін пайдалану	16

Аудио	16
Дыбыс деңгейін реттеу	17
Компьютерде аудио функцияларын тексеру	17
Веб-камера (тек таңдаулы үлгілерде)	18
Бейне	18
VGA	18
DisplayPort	19
HDMI	21
Дыбысты HDMI көмегімен реттеу	21
Intel сымсыз дисплейі (тек таңдаулы үлгілерде)	22

4 Қуатты басқару 23

Компьютердің жұмысын аяқтау	23
Қуат параметрлерін орнату	24
Қуатты үнемдеу күйлерін пайдалану	24
Ұйқы күйін қосу және одан шығу	24
Күйін қосу және одан шығу	25
Қуат көрсеткішін қолдану	25
Қуат жоспарларын пайдалану	25
Ағымдағы қуат жоспарын қарап шығу	25
Басқа қуат жоспарын таңдау	26
Қуат жоспарларын өзгерту	26
Оянған кезде сұралатын құпиясөзбен қорғау	26
HP Power Assistant пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)	27
Батарея қуатын пайдалану	27
Батарея туралы қосымша ақпарат табу	28
Батареяны тексеру бағдарламасын пайдалану	29
Қалған батарея зарядын көрсету	29
Батареяның зарядсыздану уақытын ұлғайту	29
Төмен батарея деңгейлерін басқару	29
Төмен батарея деңгейлерін анықтау	30
Төмен батарея деңгейі мәселесін шешу	30
Сыртқы қуат қолданылғанда төмен батарея деңгейін шешу	30
Ешқандай қуат көзі болмағанда төмен батарея деңгейін шешу	30
Компьютер күту күйінен шыға алмайтын кезде төмен батарея деңгейін шешу	30
Батарея қуатын үнемдеу	31
Пайдаланушы ауыстыратын батареяны сақтау (тек таңдаулы үлгілерде)	31
Пайдаланушы ауыстыратын батареяны қоқысқа тастау (тек таңдаулы үлгілерде) ...	31
Пайдаланушы ауыстыратын батареяны ауыстыру (тек таңдаулы үлгілерде)	31

Сыртқы айнымалы ток қуаты көзін пайдалану	32
Айнымалы ток адаптерін тексеру	32
Ауыспалы/қосарлы графикалық режимдер (тек таңдаулы үлгілер)	34
Ауыспалы графикалық режимдерді пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)	34
Қосарлы графикалық режимдерді пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)	35
5 Сыртқы карталар және құрылғылар	36
Медиа картаны оқу құрылғысының карталарын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)	36
Сандық картаны енгізу	36
Сандық картаны шығарып алу	37
ExpressCard карталарын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)	37
ExpressCard параметрлерін реттеу	37
ExpressCard картасын салу	38
ExpressCard картасын алып тастау	39
Смарт карталарды пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)	39
Смарт картаны енгізу	40
Смарт картаны шығарып алу	40
USB құрылғысын пайдалану	40
USB құрылғысын жалғау	41
USB құрылғысын ажырату	41
1394 құрылғыларын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)	41
1394 құрылғысын жалғау	43
1394 құрылғысын ажырату	43
eSATA құрылғысын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)	43
eSATA құрылғысын жалғау	44
eSATA құрылғысын ажырату	44
Тізбекті құрылғыны пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)	45
Қосымша сыртқы құрылғыларды пайдалану	45
Қосымша сыртқы дискілерді пайдалану	45
Кеңейту портын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)	46
Қондыру қосқышын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)	46
6 Дискілер	48
Дискілер ұстау	48
Қатты дискілерді пайдалану	49
Қатты дискінің жұмысын жақсарту	49
Дискіні дефрагментациялау құралын пайдалану	49
Дискіні тазалау құралын пайдалану	49
HP 3D DriveGuard бағдарламасын (тек таңдаулы үлгілерде) пайдалану	50
HP 3D DriveGuard күйін анықтау	50
Қуатты қауіпсіз позицияға орнатылған қатты диск көмегімен басқару	51

HP 3D DriveGuard бағдарламалық құралын пайдалану	51
Оптикалық дискілерді пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)	52
Орнатылған оптикалық жинақтағыш дискіні анықтау	52
Оптикалық дискіні салу	52
Диск науасы	52
Диск саңылауы	53
Оптикалық дискілерді шығарып алу	53
Диск науасы	53
Диск салғыш қалыпты түрде ашылмаған жағдайда	53
Диск салғыш қалыпты түрде ашылмаған жағдайда	54
Диск саңылауы	55
Оптикалық жинақтағыш дискілерді ортақ пайдалану	56
RAID пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)	56
7 Қауіпсіздік	57
Компьютерді қорғау	57
Құпиясөздерді пайдалану	58
Windows жүйесінде құпия сөздерді орнату	59
Computer Setup құралында құпия сөздерді орнату	60
BIOS әкімші құпия сөзін басқару	60
BIOS әкімші құпия сөзін енгізу	62
DriveLock құпия сөзін басқару	62
Computer Setup құралының автоматты DriveLock құпия сөзін пайдалану	62
Автоматты DriveLock құпия сөзін енгізу	62
Автоматты DriveLock қорғау мүмкіндігін жою	63
Саусақ ізін оқу құрылғысын пайдалану (тек қана таңдаулы үлгілерде)	64
Интернет қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бағдарламалық құралын пайдалану	65
Вирусқа қарсы бағдарламалық құралды пайдалану	65
Қалқан бағдарламалық құралын пайдалану	65
Қорғаныс жүйесінің маңызды жаңартуларын орнату	65
HP ProtectTools Security Manager пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)	66
Қосымша қауіпсіздік кабелін орнату	66
8 Күтім	68
Компьютерді тазалау	68
Тазалау заттары	68
Тазалау іс реті	68
Дисплейді тазалау	68
Құрылғының жақтары мен қақпағын тазалау	69
Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту	70
SoftPaq Download Manager құралын пайдалану	71

HP Software Setup утилитасын пайдалану	72
9 Computer Setup (BIOS) және Advanced System Diagnostics	73
Computer Setup пайдалану	73
Computer Setup (Компьютерді орнату) утилитасын бастау	73
Computer Setup утилитасында жылжу және таңдау	73
Computer Setup утилитасында зауыттық параметрлерді қалпына келтіру	74
BIOS нұсқасын жаңарту	76
BIOS жүйесін жаңарту үшін SoftPaq файлдарын жүктеу	76
Жүктелетін USB флэш-картасын SoftPaq файлы арқылы жасау	76
Жүйе диагностикасы арқылы BIOS жүйесін басқару	76
f10 орнату құралын BIOS жүйесін жаңарту үшін пайдалану	77
BIOS нұсқасын анықтау	77
BIOS жаңартуын жүктеп алу	78
BIOS Setup мәзірі	79
Негізгі мәзір	79
Қауіпсіздік мәзірі	79
Диагностикалау мәзірі	79
Advanced System Diagnostics пайдалану	79
10 MultiBoot	81
Жүктеу құрылғыларының реті туралы	81
Computer Setup утилитасында жүктеу құрылғыларын қосу	82
Жүктеу ретін өзгерту	83
MultiBoot таңдаулы параметрлерін таңдау	83
Computer Setup утилитасында жаңа жүктеу ретін орнату	84
Жүктеу құрылғысын f9 пернесін басып нұсқауларға сәйкес динамикалық түрде таңдау	84
MultiBoot Express кеңестерін орнату	85
MultiBoot Express таңдаулы параметрлерін енгізу	85
Қосымша а Компьютерді сапарға алып шығу	86
Қосымша ә Ақаулықтарды жою көздері	88
Қосымша б Электростатикалық разряд	89
Индекс	90

1 Кіріспе

Осы нұсқаулықта HP ноутбуктері туралы жалпы ақпарат бар.



ЕСКЕРІМ: Осы нұсқаулықта сипатталған кейбір мүмкіндіктер компьютеріңізде жұмыс істемеуі мүмкін.

Жаңа компьютер туралы қосымша ақпарат іздеу

Компьютермен бірге төмендегі пайдаланушы нұсқаулықтары мен анықтамалық материалдар беріледі. Олар басылған түрде болуы немесе компьютердің қатты дискісінде, оптикалық дискіде сақталуы мүмкін.

- *Орнату нұсқаулары* постері — компьютер параметрлерін орнату және оны іске қосу жолын көрсетеді. Бұл парақ компьютермен бірге қораптың ішінде болады.



ЕСКЕРІМ: Пайдаланушы нұсқаулықтарын және анықтамалық материалдарды табу туралы ақпаратты бұл постерден қараңыз.

- *Алғашқы жұмыс* — өнімге байланысты мүмкіндіктер, сақтық көшірме жасау, қалпына келтіру, қызмет көрсету және техникалық сипаттарды қоса компьютер туралы ақпаратты қамтиды. Компьютеріңіздегі *Алғашқы жұмыс* нұсқаулығын ашу үшін, **Пуск** (Бастау) > **Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау) > **Руководства пользователя** (Пайдаланушы нұсқаулықтары) тармағын таңдаңыз.

Интернетте бұл нұсқаулықты ашу үшін <http://www.hp.com/go/bsc> мекенжайындағы HP Бизнесі қолдау орталығына өтіңіз.

- Анықтама және қолдау орталығы — амалдық жүйе, драйверлер, ақаулықтарды жою құралдары және қолдау туралы ақпаратты қамтиды. Анықтама және қолдау орталығына кіру үшін **Пуск** (Бастау) > **Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау) пәрмендерін таңдаңыз. АҚШ-та қолдау алу үшін, <http://www.hp.com/go/contactHP> мекенжайы бойынша веб-торапты қараңыз. Дүние жүзі бойынша қолдау алу үшін, http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html веб-торабын қараңыз.
- *Қауіпсіз және қолайлы жұмыс жасау нұсқаулығы* — жұмыс стансасын дұрыс теңшеу және компьютер пайдаланушыларына арналған дұрыс отыру, денсаулық сақтау және жұмыс істеу салты туралы қажетті ақпаратты қамтиды. Бұл нұсқаулықта маңызды электр және механикалық жабдықтармен жұмыс істегенде қадағаланатын қауіпсіздік ережелері де беріледі. Бұл нұсқаулыққа өту үшін, **Пуск** (Бастау) > **Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау) > **Руководства пользователя** (Пайдаланушы нұсқаулықтары) тармағын таңдаңыз. Сонымен қатар, бұл нұсқаулықты Интернетте <http://www.hp.com/ergo> мекенжайында табуға болады.
- *Заңдық, қауіпсіздік және қоршаған орта ескертулері* — қауіпсіздік және заңдық, сондай-ақ батареяны тастау туралы ақпаратты қамтиды. Ескертулерді оқу үшін, **Пуск** (Бастау) >

Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Руководства пользователя
(Пайдаланушы нұсқаулықтары) тармағын таңдаңыз.

2 Желі орнату (тек таңдаулы үлгілерде)

Компьютер Интернетке қосылудың екі түрін қолдайды:

- **Сымсыз байланыс** — [Сымсыз қосылысты жасау 3-бетте](#) атты бөлімді қараңыз.
- **Сымды байланыс** — [Сымды желіге қосылу 12-бетте](#) атты бөлімді қараңыз.



ЕСКЕРІМ: Интернетке қосылмас бұрын Интернет қызметін орнатуыңыз керек.





Сымсыз қосылысты жасау



Компьютер келесі сымсыз құрылғылардың біреуі немесе бірнешеуімен жабдықталған болуы мүмкін:

- Сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы
- HP Мобильді кең ауқымды модулі, (сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы)
- Bluetooth® құрылғысы

Сымсыз технология жөнінде қосымша мәлімет алу үшін, «Анықтама және қолдау» бөліміндегі ақпаратты және веб-торап сілтемелерін қараңыз.


Сымсыз байланыс және желі күйінің белгішелерін анықтау

Белгіше	Атауы	Сипаттама
	Сымсыз байланыс (қосылған)	Бір немесе бірнеше сымсыз құрылғылардың қосулы екенін көрсетеді.
	Сымсыз (ажыратылған)	Барлық сымсыз құрылғылар өшірілгендігін көрсетеді.
	HP Connection Manager пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)	WWAN қосылыстарын орнатуға және басқаруға (таңдаулы үлгілерде ғана болады), сондай-ақ WLAN және Bluetooth байланыстарын қадағалауға мүмкіндік беретін HP Connection Manager құралын ашады.
	Сымды желі (қосылған)	Сымсыз желі құрылғыларының біреуі немесе бірнешеуі сымсыз желіге қосылғанын көрсетеді.

Белгіше	Атауы	Сипаттама
	Сымды желі (өшірілген/ ажыратылған)	Windows® басқару тақтасындағы барлық желілік құрылғылар немесе сымсыз құрылғылар өшірілгенін көрсетеді.
	Желі (қосылған)	Сымсыз желі құрылғыларының біреуі немесе бірнешеуі сымсыз желіге қосылғанын көрсетеді.
	Желі (ажыратылған)	Сымсыз желі құрылғыларының сымсыз желіге қосылмағанын көрсетеді.
	Желі (өшірілген/ ажыратылған)	Сымсыз байланыс қол жетімді екенін көрсетеді.

Сымсыз құрылғыларды қосу немесе өшіру

Сымсыз құрылғыларды сымсыз байланыс түймешігімен немесе HP Connection Manager құралымен (таңдаулы үлгілерде ғана болады) қосуға немесе өшіруге болады.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютердің пернетақтасында сымсыз байланыс түймешігі, сымсыз байланыс қосқышы немесе сымсыз байланыс пернесі болуы мүмкін. «Сымсыз байланыс түймешігі» термині осы нұсқаулықта сымсыз байланысты басқару элементтерінің барлық түрлерін білдіреді. Сымсыз байланыс түймешігінің компьютердегі орнын анықтау туралы ақпаратты *Алғашқы жұмыс нұсқаулығы*нан қараңыз.

HP Connection Manager құралының көмегімен сымсыз байланыс құрылғыларын өшіру үшін

- ▲ Тапсырмалар тақтасының оң жақ шетінде орналасқан хабарландыру аймағындағы **HP Connection Manager** белгішесін тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, керекті құрылғының жанындағы қуат түймешігін басыңыз.

– немесе –

Пуск (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) > **Производительность и средства** (Өнімділік және құралдар) > **HP Connection Manager** тармағын, одан кейін керекті құрылғының жанындағы қуат түймешігін басыңыз.

HP Connection Manager пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

HP Connection Manager құралы сымсыз байланыс құрылғыларын басқарудың орталығын, HP мобильді байланыстың кең жолақты желісі арқылы Интернетке жалғанудың интерфейсін, сондай-ақ SMS (мәтінді) хабарлар жіберудің интерфейсін қамтамасыз етеді. HP Connection Manager бағдарламасы төмендегі құрылғыларды басқаруға мүмкіндік береді:

- Сымсыз жергілікті желі (WLAN)/Wi-Fi;
- Сымсыз ғаламдық желі (WWAN)/HP мобильді байланыстың кең жолақты желісі;
- Bluetooth®

HP Connection Manager құралы байланыс күйі, қуат күйі, SIM мәліметтері және SMS хабарлары жайында ақпарат және хабарландыру береді. Күй ақпараты мен хабарландырулар тапсырмалар тақтасының оң жақ шетіндегі хабарландыру аймағында беріледі.

HP Connection Manager құралын ашу үшін

- ▲ Тапсырмалар тақтасындағы **HP Connection Manager** белгішесін басыңыз.

– немесе –

Пуск (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) > **Производительность и средства** (Өнімділік және құралдар) > **HP Connection Manager** тармақтарын таңдаңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін, HP Connection Manager бағдарламалық құралының анықтамасын қараңыз.

Амалдық жүйе басқару элементтерін пайдалану

Желі және ортақ қолдану орталығы қосылымды немесе желіні орнатуға, желіге қосылуға, сымсыз желілерді басқаруға және желі ақаулықтарын тексеруге және жөндеуге мүмкіндік береді.

Амалдық жүйенің басқару элементтерін пайдалану үшін

- ▲ **Пуск (Бастау) > Панель Управления (Басқару тақтасы) > Сеть и Интернет (Желі және Интернет) > Центр управления сетями и общим доступом (Желі және ортақ пайдалануды басқару орталығы)** тармақтарын таңдаңыз.


Қосымша ақпаратты алу үшін, **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау)** тармақтарын таңдаңыз.


WLAN құрылғысын қолдану

Сымсыз байланыс арқылы компьютер Wi-Fi немесе WLAN желілеріне қосылады. WLAN сымсыз жол жоспарлағышы немесе сымсыз кіру нүктесі арқылы байланысқан басқа компьютерлер мен керек-жарақтардан тұрады.

Бар WLAN желісіне қосылу

1. WLAN құрылғысының қосылуы екендігіне көз жеткізіңіз. ([Сымсыз құрылғыларды қосу немесе өшіру 5-бетте](#) бөлімін қараңыз.)
2. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында желі белгішесін басыңыз.
3. Тізімнен WLAN желісін таңдаңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Егер WLAN тізімі көрсетілсе, сымсыз жол жоспарлағышы ауқымының немесе кіру нүктесінің сыртында болуыңыз мүмкін.

 **ЕСКЕРІМ:** Жалғанатын желі көрсетілмесе, **Открыть центр управления сетями и общим доступом** (Желілер мен ортақ пайдалануды басқару орталығын ашу) пәрменін таңдап, **Настройка нового подключения или сети** (Жаңа қосылым немесе желіні орнату) түймешігін басыңыз. Мүмкіндіктер тізімі көрсетіледі. Желі іздеу және оған жалғану жұмысының қолмен орындалуын немесе жаңа желі байланысының орнатылуын таңдауға болады.

4. **Подключить** (Қосылу) пәрменін таңдаңыз.

Егер желі қауіпсіз қосылған WLAN желісі болса, сізден желінің қауіпсіздік кілтін енгізу сұралады, бұл қауіпсіздік коды болып табылады. Кодты енгізіп, қосылуды аяқтау үшін, **OK** түймешігін басыңыз.


Байланыс орнатылып болған соң, оның аты мен күйін тексеру үшін, тінтуір меңзерін тапсырмалар тақтасының оң жақ шетіндегі хабарландыру аймағының желі белгішесіне қойыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Жұмыс ауқымы (сымсыз сигналдардың жету алыстығы) WLAN кіруіне, жол жоспарлағышын өндірушіге және басқа электрондық құрылғылардан алынған кедергілерге немесе қабырғалар және едендер сияқты құрылымды тосқауылдарға байланысты болады.

Жаңа WLAN желісін орнату

Қажетті жабдықтар:


- Кең жолақты модем (DSL немесе кабельді) (бөлек сатылады) **(1)** және Интернет провайдерінен (ISP) сатып алынған жоғары жылдамдықты Интернет қызметі
- Сымсыз жол жоспарлағыш (бөлек сатылады) **(2)**

 **ЕСКЕРІМ:** Кейбір кабельді модемдердің ішіне жол жоспарлағышы кірістіріледі. Жол жоспарлағышын бөлек сатып алу қажеті туралы Интернет провайдерінен сұраңыз.

- Сымсыз компьютер **(3)**

Берілген суретте Интернетке қосылған сымсыз желінің орнатымы мысалға келтірілген.



 **ЕСКЕРІМ:** Сымсыз қосылысты орнату кезінде компьютер мен сымсыз жол жоспарлағышының қадамдастырылғанын тексеріңіз. Компьютер мен сымсыз жол жоспарлағышын қадамдастыру үшін, компьютерді және сымсыз жол жоспарлағышын өшіріп, қайта қосыңыз.

Желі кеңейген сайын, Интернетке кіру үшін желіге қосымша сымсыз және сымды компьютерлерді қосуға болады.


WLAN желісін орнату бойынша көмек керек болса, жол жоспарлағыштың өндірушісі немесе Интернет провайдері (ISP) берген ақпаратты қараңыз.

WLAN жүйесін қорғау

WLAN құрылғысын орнатқан немесе бар WLAN желісіне кірген кезде, әрқашан рұқсатсыз кіруден желіні қорғау үшін қауіпсіздік мүмкіндіктерін қосыңыз. Қоғамдық аймақтар немесе кофеханалар және әуежайлар сияқты адам көп аймақтар ешқандай қауіпсіздікті қамтамасыз етпейді. Байланыс орнында компьютердің қауіпсіздігі туралы сенімді болмасаңыз, өрескел емес электрондық пошта жіберу және негізгі Интернетте іздеу сияқты желі әрекеттерімен шектеңіз.

Сымсыз радио сигналдары желінің сыртында да таралғандықтан басқа WLAN құрылғылары қорғалмаған сигналдарды қабылдауы мүмкін. WLAN желісін қорғау үшін, сақтық шараларын қолдануға болады:

- **Желіаралық қалқан** — желіге жіберілген деректерді де, деректер сұраныстарын да тексереді және кез келген күмәнді элементтерді қайтарады. Желіаралық қалқандар бағдарламалық құралда да, жабдықта да жұмыс істейді. Кейбір желілер екі түрін де біріктіріп пайдаланады.
- **Сымсыз байланыс шифрлауы** — компьютеріңіз үш шифрлау протоколын қолдайды:
 - WPA (Wi-Fi Protected Access);
 - Wi-Fi Protected Access II (WPA2);
 - WEP (Wired Equivalent Privacy).

 **ЕСКЕРІМ:** HP компаниясы WPA2 таңдауды ұсынады, себебі бұл — үш шифрлау протоколының ең дамығаны. WEP шифрлауын пайдалану ұсынылмайды, себебі оны оңай шешуге болады.

- WPA және WPA2 протоколдары желі арқылы тасымалданатын деректерді шифрлау және шифрын ашу үшін қауіпсіздік параметрлерін қолданады. WPA протоколы да, WPA2 протоколы да динамикалық түрде әр бума үшін жаңа кілт жасайды, сондай-ақ желідегі әр компьютер үшін әртүрлі кілт жинақтарын жасайды. Бұны орындау үшін
 - WPA протоколы AES (Advanced Encryption Standard) стандартын және TKIP (Temporal Key Integrity Protocol) протоколын пайдаланады.
 - WPA2 протоколы жаңа AES протоколы болатын CCMP (Cipher Block Chaining Message Authentication Code Protocol) протоколын пайдаланады.
- WEP протоколы тасымалдамас бұрын деректерді WEP кілтімен шифрлайды. Дұрыс кілтсіз басқа адамдар WLAN желісін қолдана алмайды.


Басқа желіге роуминг

Компьютерді басқа WLAN желісінің ауқымынан жылжытсаңыз, Windows сол желіге қосылуға әрекет жасайды. Әрекет сәтті болса, компьютер автоматты түрде жаңа желіге қосылады. Егер Windows жаңа желіні танымаса, WLAN желісіне қосылу үшін бастапқы жасаған іс реттерін орындаңыз.

HP Мобильді кең жолақты модулін пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

HP мобильді кең жолақты модулі компьютерге WLAN желілерімен салыстырғанда WWAN арқылы Интернетке көбірек орындардан және үлкенірек аймақтардан кіруге мүмкіндік береді. HP Mobile Broadband байланысы, көптеген жағдайларда ұялы байланыс операторы болып табылатын, (ұялы байланыс операторы деп аталатын) желі қызметінің провайдерін қажет етеді.

Мобильді желілер провайдер қызметімен бірге қолдану кезінде HP Мобильді кең жолақты модулі саяхат жасау барысында немесе Wi-Fi таратқыштарының қамту аясының сыртында болу кезінде Интернетке қосылу, электрондық пошта арқылы хабарлама жіберу немесе корпоративтік желіге қосылу мүмкіндігін береді.


 **ЕСКЕРІМ:** Мобильді байланыстың кең жолақты қызметін іске қосу үшін, HP мобильді байланыстың кең жолақты желі модулінің сериялық нөмірі керек болуы мүмкін. Сервистік жапсырманың орналасқан жерін *Алғашқы жұмыс* нұсқаулығынан қараңыз.

Кейбір ұялы байланыс операторлары абонентті анықтау модулін (SIM) пайдалануды талап етеді. SIM картасында жеке идентификациялық нөмір (PIN), сондай-ақ желі туралы ақпарат сияқты пайдаланушы немесе компьютер туралы жалпы ақпарат қамтылады. Кейбір компьютерлерде SIM картасы алдын ала орнатылып келеді. Егер SIM картасы алдын ала орнатылмаған болса, карта компьютермен бірге берілетін HP мобильді кең жолақты модулі туралы ақпаратпен бірге жеткізіледі немесе оны мобильді желілер қызметінің провайдері беруі мүмкін.


SIM картасын енгізу және шығару туралы ақпаратты [SIM картасын салу 10-бетте](#) және [SIM картасын алып тастау 10-бетте](#) атты бөлімдерден қараңыз.

HP Мобильді кең жолақты модулі туралы және таңдаулы мобильді желілер қызметін провайдері арқылы қызметті белсендіру әдісі туралы қосымша мәліметтер алу үшін компьютермен бірге қамтамасыз етілетін HP Мобильді кең жолақты модулі туралы ақпаратты қараңыз. Қосымша ақпаратты <http://www.hp.com/go/mobilebroadband> мекенжайындағы HP веб-торабын қараңыз (тек таңдаулы аймақтар/елдерде қолданылады).

SIM картасын салу


 **ЕСКЕРІМ:** SIM ұясының орналасқан орнын анықтау үшін, *Алғашқы жұмыс* нұсқаулығын қараңыз.

1. Компьютерді сөндіріңіз. Егер компьютер сөндірулі немесе күту күйінде екендігіне сенімді болмасаңыз, қуат түймешігін басып, компьютерді қосыңыз. Содан соң амалдық жүйе арқылы компьютерді өшіріңіз.
2. Дисплейді жабыңыз.
3. Компьютерге жалғанған сыртқы құрылғылардың барлығын ажыратыңыз.
4. Қуат сымын айнымалы ток көзінен ажыратыңыз.
5. Егер компьютерде пайдаланушымен ауыстырылатын батарея бар болса, батареяны шығарыңыз.
6. SIM картасын SIM ұясына салып, ол өз орнына нық отырғанша SIM картасын оның ұясына жайлап басыңыз.

 **ЕСКЕРТУ:** SIM картасын салу кезінде, картаны компьютердегі SIM картасы ұясының жанындағы белгішемен сәйкестендіріп орналастырыңыз. Егер SIM картасы дұрыс салынбаған болса, бұл SIM картасын және SIM қосқышын зақымдауы мүмкін.


Қосқышқа зақым келтіру қатерін азайту үшін, SIM картасын орналастыру кезінде қатты күш салмаңыз.

7. Батареяны орнына салыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер батарея өз орнына орналастырылмаса, мобильді кең ауқымды HP желісі ажыратылады.

8. Сыртқы электр қуатын және сыртқы құрылғыларды қайта қосыңыз.
9. Компьютерді қосыңыз.

SIM картасын алып тастау

 **ЕСКЕРІМ:** SIM ұясының орналасқан орнын анықтау үшін, *Алғашқы жұмыс* нұсқаулығын қараңыз.

1. Компьютерді сөндіріңіз. Егер компьютер сөндірулі немесе күту күйінде екендігіне сенімді болмасаңыз, қуат түймешігін басып, компьютерді қосыңыз. Содан соң амалдық жүйе арқылы компьютерді өшіріңіз.
2. Дисплейді жабыңыз.
3. Компьютерге жалғанған сыртқы құрылғылардың барлығын ажыратыңыз.
4. Қуат сымын айнымалы ток көзінен ажыратыңыз.

5. Егер компьютерде пайдаланушымен ауыстырылатын батарея бар болса, батареяны шығарыңыз.
6. SIM картасын басып, картаны ұясынан шығарып алыңыз.
7. Батареяны орнына салыңыз.
8. Сыртқы электр қуатын және сыртқы құрылғыларды қайта қосыңыз.
9. Компьютерді қосыңыз.

GPS пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

Компьютерде GPS (Ғаламдық орынды анықтау жүйесі) құрылғысы орнатылуы мүмкін. GPS спутниктері орналасу, жылдамдық және бағдарлар туралы ақпаратты GPS стандартымен жабдықталған жүйелерге жібереді.

Қосымша ақпарат алу үшін, «HP GPS and Location» бағдарламалық құралының анықтамасын қараңыз.

Bluetooth сымсыз құрылғыларын пайдалану

Bluetooth құрылғысы әдетте мына электрондық құрылғыларды байланыстыратын физикалық кабель қосылымдарын ауыстыратын қысқа ауқымды сымсыз байланыстарды қамтамасыз етеді.

- Компьютерлер
- Телефондар
- Сурет түсіретін құрылғылар (камералар мен принтерлер)
- Аудио құрылғылар

Bluetooth құрылғысы Bluetooth құрылғыларының дербес желісін орнатуға мүмкіндік беретін тең дәрежелі мүмкіндікті қамтамасыз етеді. Bluetooth құрылғыларының параметрлерін реттеу және оларды пайдалану туралы ақпаратты Bluetooth бағдарламалық құралының Help (Анықтама) бөлімінен қараңыз.

Bluetooth және интернетке қосылуды ортақ пайдалану (ICS)

HP компаниясы Bluetooth мүмкіндігі бар бір компьютерді басты компьютер ретінде орнатып, оны басқа компьютерлер Интернетке қосылатын шлюз ретінде **пайдаланбауды** ұсынады. Екі немесе одан да көп компьютер Bluetooth арқылы қосылған кезде және компьютерлердің біреуінде Интернетке қосылуды ортақ пайдалану мүмкіндігі қосылған кезде басқа компьютерлер Интернетке Bluetooth желісі арқылы қосыла алмауы мүмкін.

Bluetooth арқылы компьютер мен сымсыз құрылғылардың (соның ішінде ұялы телефондар, принтерлер, камералар және қалта компьютерлері) арасындағы ақпарат тасымалданады және қадамдастырылады, бұл оның оң жағы болып саналады. Екі немесе одан да көп компьютер Bluetooth арқылы Интернетті ортақ пайдалану кезінде үздіксіз қосыла алмайды; бұл Bluetooth және Windows амалдық жүйесінің шектеуі болып табылады.

Сымды желіге қосылу

Модемді пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

Модем 6 істікшелі RJ-11 модем кабелі (бөлек сатылады) арқылы аналогтық телефон желісіне қосылуы керек. Кейбір елдер мен аймақтарда арнайы модем кабелінің адаптері де қажет болуы мүмкін. Сандық РВХ жүйелерінің ұялары аналогтық телефон ұяларына ұқсас болуы мүмкін, алайда, олар модеммен үйлеспейді.


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Электр тогының соғуы, өрт шығуы немесе жабдыққа зиян келтіру қатерінен аулақ болу үшін, модем немесе телефон кабелін RJ-45 (желі) ұясына жалғамаңыз.

Егер желі кабелінде ТД және радио толқындарының бөгеуілдерін болдырмайтын құрал **(1)** бар болса, кабельдің **(2)** бұл құрал орналасқан ұшын компьютерге қарай орналастырыңыз.



Модем кабелін қосу

1. Модемнің кабелін компьютердегі модем ұясына **(1)** жалғаңыз.
2. Модем кабелін RJ-11 қабырғалық телефон ұясына **(2)** немесе жол жоспарлағышқа (суретте көрсетілмеген) жалғаңыз.




Елге/аймаққа арналған модем кабелінің адаптерін қосу

Телефон ұялары елге/аймаққа байланысты әр түрлі болады. Модемді немесе модем кабелін компьютерді сатып алған елден/аймақтан тыс жерде пайдалану үшін сол елдің/аймақтың арнайы модем кабелінің адаптерін сатып алу керек.

Модемді RJ-11 телефон ұясы жоқ аналогтық телефон желісіне қосу үшін, келесі қадамдарды орындаңыз:

1. Модемнің кабелін компьютердегі модем ұясына **(1)** жалғаңыз.
2. Кабельдің екінші ұшын модем кабелінің адаптеріне қосыңыз **(2)**.
3. Модем кабелінің адаптерін **(3)** қабырғадағы телефон ұясына жалғаңыз.



Орын параметрлерін таңдау

Ағымдағы орын таңдауын қарап шығу

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) тармақтарын таңдаңыз.
2. **Часы, язык и регион** (Сағат, тіл және аймақ) параметрін таңдаңыз.
3. **Регион и язык** (Аймақ және тіл) параметрін таңдаңыз.
4. Орынды көрсету үшін, **Местоположение** (Орын) қойыншасын нұқыңыз.

Саяхат кезінде жаңа орналасуларды қосу


Жаңа компьютердегі модем үшін тек қол жетімді бір орын параметрі - бұл компьютер сатып алынған мемлекетке немесе аймаққа арналған орын параметрі. Өртүрлі мемлекеттерге немесе аймақтарға саяхатқа шығатындықтан, ішкі модемді қолданатын мемлекеттің немесе аймақтың жұмыс істеу стандарттарына сәйкес келетін орын параметріне орнатыңыз.

Жаңа орын параметрін қосқандықтан, олар кез келген уақытта параметрлерге ауысуға болатындай компьютерде сақталады. Кез келген мемлекет немесе аймақ үшін өртүрлі орын параметрлерін қосуға болады.


! ЕСКЕРТУ: Негізгі мемлекет немесе аймақ параметрлерін жоғалту қаупін азайту үшін, модемнің ағымдағы мемлекет немесе аймақ параметрлері жойылмағаны жөн. Өз мемлекетіңіздің немесе аймағыңыздың конфигурациясын сақтап, басқа мемлекеттерде немесе аймақтарда модем қосу үшін, модемді қолданатын әрбір орын үшін жаңа конфигурацияны қосыңыз.

ЕСКЕРТУ: Баратын мемлекеттің немесе аймақтың телекоммуникация нормативтерін және заңдарды бұзатын жолда модемді теңшеудің алдын алу үшін, компьютер орналасқан мемлекетті немесе аймақты таңдаңыз. Сәйкес емес мемлекет немесе аймақ таңдалғанда, модем дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

1. **Пуск (Бастау) > Устройства и принтеры** (Құрылғылар мен принтерлер) тармақтарын таңдаңыз.
2. Компьютерді көрсететін құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, **Параметры модема** (Модем параметрлері) пәрменін таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Правила набора кода (Кодты теру ережелері) қойыншасы ашылғанша бастапқы (ағымдағы) аймақтық кодты енгізу қажет. Егер орналасқан орныңыз бұрын орнатылмаған болса, Модем параметрлерін басқан кезде орналасу орныңызды енгізу сұралады.

3. **Правила набора номера** (Теру ережелері) қойындысын нұқыңыз.
4. **Новый** (Жаңа) параметрін таңдаңыз. Новое месторасположение (Жаңа орналасу орны) терезесі ашылады.
5. **Название месторасположения** (Орналасу орнының аты) өрісіне жаңа орналасқан жердің атауын теріңіз (мысалы, үй немесе жұмыс).
6. Ел/аймақ тізімінен елді немесе аймақты таңдаңыз. (Модем қолдамайтын ел немесе аймақ таңдалса, АҚШ немесе ҰБ аймағы үшін ел/аймақ таңдауы көрсетіледі.)
7. Аймақ кодын, жеткізуші кодын (қажет болса) және сыртқы линияға үшін (қажет болса) нөмірді енгізіңіз.
8. **Набрать, использовать** (Теру) пәрменінің жанындағы **Тональный режим** (Тондық режим) немесе **Импульсный режим** (Импульстік режим) тармағын таңдаңыз.
9. Жаңа орналасқан жерді сақтау үшін, **ОК** түймешігін басыңыз.
10. Төмендегі әрекеттердің бірін орындаңыз:
 - Жаңа орын параметрін ағымдағы орын сияқты орнату үшін, **ОК** түймешігін басыңыз.
 - Ағымдағы орналасқан жер параметрі ретінде басқа орналасқан жерді таңдау үшін, Месторасположения (Орналасу орындары) тізімінен таңдауыңызды жасап, **ОК** түймешігін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Бұрын аталған процедураны еліңіз немесе аймағыздағы, сондай-ақ басқа елдер немесе аймақтардағы орналасу орындарына арналған параметрлерді қосу үшін пайдалануға болады. Мысалы, Рабочий (Жұмыс) атты параметрді қосуға болады, бұл параметр сыртқы желіге қоңырау шалуға арналған нөмірді теру ережелерін де қамтиды.


Жергілікті желіге (LAN) қосылу (тек таңдаулы үлгілерде)


Сымды желіге қосылу үшін, 8 істікшелі RJ-45 желі кабелі (бөлек сатылады) қажет. Желі кабелінің теледидар мен радио кедергілерінен қорғайтын кедергілерді басу схемасы (1) бар болса, кабельдің осы схема орналасқан ұшын (2) компьютерге қарай бағыттаңыз.



Желілік кабельді жалғау үшін

1. Желілік кабелді компьютердегі желі ұясына (1) жалғаңыз.
2. Желілік кабелдің екінші ұшын қабырғалық желі ұясына (2) немесе жол жоспарлағышқа (суретте көрсетілмеген) жалғаңыз.



 **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Электр тогының соғуы, өрт шығуы немесе жабдыққа зиян келтіру қатерінен аулақ болу үшін, модем кабелін немесе телефон кабелін RJ-45 (желі) ұясына жалғамаңыз.

3 Мультимедиа

Компьютерде төмендегідей мультимедиа бөліктері болуы мүмкін:

- Кірістірілген үндеткіш(тер)
- Кірістірілген микрофон(дар)
- Кірістірілген веб-камера
- Алдын ала орнатылған мультимедиалық бағдарламалық құралдар
- Мультимедиа түймешіктері немесе пернелері

Медиа белсенділігі пернелерін пайдалану

Компьютер моделіне байланысты, медиа файлын ойнату, тоқтата тұру, алға айналдыру немесе кері айналдыруға мүмкіндік беретін төмендегідей медиа белсенділігін басқару элементтері жұмыс істеуі мүмкін:

- Медиа түймешіктері
- Медиа жылдам пернелері ([fn](#) пернесімен бірге басылатын арнайы пернелер)
- Медиа пернелері

Компьютердегі медиа белсенділігі пернелері туралы ақпаратты *Алғашқы жұмыс* нұсқаулығынан қараңыз.

Аудио

Компьютерде бірқатар аудио функциялары бар:

- Музыка ойнату.
- Дыбыс жазу.
- Интернеттен музыканы жүктеу.
- Мультимедиалық көрмелерді жасау.
- Жылдам хабарлама алмасу бағдарламалары арқылы дыбыс және кескіндерді беру.
- Радио бағдарламаларын тарату.
- Орнатылған оптикалық диск жетегін (тек таңдаулы үлгілерде) немесе қосымша сыртқы оптикалық диск жетегін пайдаланып аудио ықшам дискісін (жазу) жасау.

Дыбыс деңгейін реттеу

Компьютеріңіздің үлгісіне байланысты, дыбыс деңгейін мына пернелер көмегімен реттеуге болады:

- Дыбыс деңгейі түймешіктері
- Дыбыс деңгейінің жылдам пернелері (**fn** пернесімен бірге басылатын арнайы пернелер)
- Дыбыс деңгейін реттеу пернелері

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Жарақаттану қаупін азайту үшін, гарнитураларды және құлақаспаптарды киер алдында, дыбыс деңгейін реттеңіз. Қосымша қауіпсіздік ақпаратын *Заңдық, қауіпсіздік және қоршаған орта ескертулерінен* қараңыз.

📝 ЕСКЕРІМ: Дыбыс деңгейі амалдық жүйе және кейбір бағдарламалар арқылы басқарылады.

📝 ЕСКЕРІМ: Компьютеріңіздегі дыбыс деңгейін басқару құралдарының түрі туралы ақпаратты *Алғашқы жұмыс нұсқаулығынан* қараңыз

Компьютерде аудио функцияларын тексеру

📝 ЕСКЕРІМ: Жазу кезінде жақсы нәтиже алу үшін, микрофонға тікелей сөйлеп, артқы шу жоқ параметрде дыбысты жазыңыз.

Компьютердің дыбыс функцияларын тексеру үшін, келесі қадамдарды орындаңыз:

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Аппараттық құрал және дыбыс) > **Звук** (Дыбыс) тармағын таңдаңыз.
2. Звук (Дыбыс) терезесі ашылғанда, **Звуки** (Дыбыстар) қойындысын басыңыз. **Program Events** (Бағдарламалық оқиғалар) ішінде сигнал немесе дабыл сияқты кез келген дыбыс оқиғасын таңдап, **Test** (Сынау) түймешігін басыңыз.

Дыбысты үндеткіштер немесе қосылған құлақаспаптар арқылы естуіңіз қажет.

Компьютердің жазу функцияларын тексеру үшін, келесі қадамдарды орындаңыз:

1. **Пуск** (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) > **Стандартные** (Керек-жарақтар) > **Устройство звукозаписи** (Дыбысты жазу құрылғысы) тармақтарын таңдаңыз.
2. **Начать запись** (Жазуды бастау) түймешігін басып, микрофонмен сөйлеңіз. Файлды жұмыс үстеліне сақтаңыз.
3. Мультимедиялық бағдарламаны ашыңыз және дыбысты ойнатыңыз.

Компьютерде аудио параметрлерін өзгерту немесе растау үшін, **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Аппарат және дыбыс) > **Звук** (Дыбыс) тармақтарын таңдаңыз.

Компьютердің жазу функцияларын тексеру үшін, келесі қадамдарды орындаңыз:

1. **Пуск** (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) > **Стандартные** (Керек-жарақтар) > **Устройство звукозаписи** (Дыбысты жазу құрылғысы) тармақтарын таңдаңыз.
2. **Начать запись** (Жазуды бастау) түймешігін басып, микрофонмен сөйлеңіз. Файлды жұмыс үстеліне сақтаңыз.
3. Мультимедиялық бағдарламаны ашыңыз және дыбысты ойнатыңыз.

Компьютерде аудио параметрлерін өзгерту немесе растау үшін, **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Аудио** (Дыбыс) тармақтарын таңдаңыз.

Веб-камера (тек таңдаулы үлгілерде)

Кейбір компьютерлерде кірістірілген веб-камера бар. Алдын ала орнатылған бағдарламалық құралдың көмегімен сурет немесе бейне түсіру үшін веб-камера пайдалана аласыз. Фотосуреттерді немесе жазылған бейне қарап шығуға немесе сақтауға болады.

Веб-камера бағдарламалық құралы мынадай мүмкіндіктерді пайдалануға мүмкіндік береді.

- Бейне түсіріп, ортақ пайдалану
- Жылдам хабар алмасу бағдарламалық құралының көмегімен бейне дерек алу
- Дыбыссыз суретке түсіру

Әкімші Мастер настройки администратора безопасности (Қауіпсіздік реттеушісін орнату шеберінде) немесе HP ProtectTools әкімшілік консолінде Face Recognition (Бет тану) параметрі үшін қауіпсіздік деңгейін орната алады. Қосымша ақпаратты *HP ProtectTools консолімен жұмысқа кірісу* жөніндегі нұсқаулықты және Face Recognition бағдарламалық құралының анықтамасынан қараңыз.

Веб-камераны ашу туралы ақпаратты *Алғашқы жұмыс* нұсқаулығынан қараңыз. Веб-камераны пайдалану туралы ақпарат алу үшін, **Пуск** (Бастау) > **Центр справки и поддержки** (Анықтама және қолдау) тармақтарын таңдаңыз.

Бейне

Компьютерде мына сыртқы бейне порттардың біреуі немесе бірнешеуі болуы мүмкін:

- VGA
- HDMI (Ажыратымдылығы жоғары мультимедиа тілдесуі)
- DisplayPort




ЕСКЕРІМ: Компьютердегі бейне порттар туралы ақпаратты *Алғашқы жұмыс* нұсқаулығынан қараңыз.

VGA

Сыртқы монитор порты немесе VGA порты аналогтық дисплей интерфейсі болып табылады, ол сыртқы VGA мониторы сияқты VGA дисплей құрылғысын немесе VGA проекторын компьютерге қосады.

- ▲ VGA дисплей құрылғысын қосу үшін, құрылғы кабелін сыртқы монитор портына жалғаңыз.



ЕСКЕРІМ: Құрылғыдағы экран кескінін ауыстыру туралы нұсқауларды *Алғашқы жұмыс* нұсқаулығынан қараңыз.

DisplayPort


DisplayPort компьютерді ажыратымдылығы жоғары теледидар сияқты қосымша бейне дерек немесе дыбыстық құрылғысына не болмаса кез келген үйлесімді сандық немесе дыбыстық құралдарына жалғайды. Сыртқы VGA монитор портымен салыстырғанда DisplayPort өнімділігі жоғары болып, сандық қосылысты жақсартады.

ЕСКЕРІМ: Бейне және/немесе дыбыс сигналдарын DisplayPort арқылы жіберу үшін, DisplayPort кабелі (бөлек сатылады) керек болады.

Бір DisplayPort құрылғысын компьютердің DisplayPort портына жалғауға болады. Компьютер экранындағы ақпаратты DisplayPort құрылғысында бір уақытта бейнелеуге болады.


Бейне немесе аудио құрылғысын DisplayPort портына жалғау үшін

1. DisplayPort кабелінің бір ұшын компьютердегі DisplayPort портына жалғаңыз.




2. Кабельдің екінші ұшын бейне құрылғысына жалғаңыз, одан кейін қосымша ақпаратты өндіруші нұсқауларынан қараңыз.

ЕСКЕРІМ: Құрылғы кабелін алу үшін, оны компьютерден ажыратуға қосқыш ілгекті басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Құрылғыдағы экран кескінін ауыстыру туралы нұсқауларды *Алғашқы жұмыс* нұсқаулығынан қараңыз.

HDMI


HDMI порты компьютерді ажыратымдылығы жоғары теледидар сияқты қосымша бейне дерек немесе дыбыстық құрылғысына не болмаса кез келген үйлесімді сандық немесе дыбыстық құралдарына жалғайды.

 **ЕСКЕРІМ:** Бейне және/немесе дыбыс сигналдарын HDMI порты арқылы жіберу үшін, HDMI кабелі (бөлек сатылады) керек болады.


Бір HDMI құрылғысын компьютердің HDMI портына жалғауға болады. Компьютер экранындағы ақпаратты HDMI құрылғысында бір уақытта бейнелеуге болады.

Бейне немесе аудио құрылғысын HDMI портына жалғау үшін

1. HDMI кабелінің бір ұшын компьютердегі HDMI портына жалғаңыз.



2. Кабельдің екінші ұшын бейне құрылғысына жалғаңыз, одан кейін қосымша ақпаратты өндіруші нұсқауларынан қараңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Құрылғыдағы экран кескінін ауыстыру туралы нұсқауларды *Алғашқы жұмыс* нұсқаулығынан қараңыз.

Дыбысты HDMI көмегімен реттеу

HDMI аудио параметрлерін реттеу үшін, алдымен ажыратымдылығы жоғары теледидар сияқты аудио немесе бейне құрылғысын компьютердегі HDMI портына жалғаңыз. Одан кейін, әдепкі аудио ойнату құрылғысының параметрлерін келесі жолмен реттеңіз:

1. Тапсырма тақтасының оң жағында орналасқан хабарландыру аймағындағы **Speakers** (Үндеткіштер) белгішесін тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Playback devices** (Ойнату құрылғылары) параметрін таңдаңыз.
2. Playback (Ойнату) қойыншасында **Цифровой выход** (Сандық шығыс) немесе **Цифровое устройство вывода (HDMI)** (Сандық шығыс құрылғысы (HDMI)) параметрін таңдаңыз.
3. **Set Default** (Әдепкі күйді орнату) пәрменін таңдап, **OK** түймешігін басыңыз.

Дыбысты қайтадан компьютер үндеткіштерінен шығару үшін, мына қадамдарды орындаңыз.

1. Тапсырма тақтасының оң жағында орналасқан хабарландыру аймағындағы **Speakers** (Үндеткіштер) белгішесін тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Playback devices** (Ойнату құрылғылары) параметрін таңдаңыз.
2. Playback (Ойнату) қойыншасында **Speakers** (Үндеткіштер) параметрін таңдаңыз.
3. **Set Default** (Әдепкі күйді орнату) пәрменін таңдап, **OK** түймешігін басыңыз.


Intel сымсыз дисплейі (тек таңдаулы үлгілерде)

Intel® сымсыз дисплейі компьютердегі мазмұнды теледидарда сымсыз бөлісу мүмкіндігін береді. Сымсыз дисплейді пайдалану үшін, сымсыз ТД адаптері (бөлек сатылады) қажет. Сигнал шығысын қорғау мүмкіндігі бар DVD дискісі Intel сымсыз дисплейінде ойнатылмауы мүмкін. (Бірақ сигнал шығысын қорғау мүмкіндігі жоқ DVD дискісі ойнатылатын болады.) Сигнал шығысын қорғау мүмкіндігі бар Blu-ray дискілері Intel сымсыз дисплейінде ойнатылмайды. Сымсыз теледидар адаптерін пайдалану туралы толық ақпаратты өндірушінің нұсқауларынан қараңыз.




ЕСКЕРІМ: Сымсыз дисплейді пайдаланбас бұрын сымсыз байланыстың компьютерде қосылғанына көз жеткізіңіз.

4 Қуатты басқару

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютерде қуат түймешігі немесе қуат қосқышы болуы мүмкін. *Қуат түймешігі* термині осы нұсқаулықта қуатты басқару элементтерінің екі түрін білдіреді.

Компьютердің жұмысын аяқтау


 **ЕСКЕРТУ:** Компьютер өшірілген кезде сақталмаған мәліметтер жойылады.

Жұмысты аяқтау пәрмені амалдық жүйені қоса барлық ашық тұрған бағдарламаларды жауып, дисплей мен компьютерді өшіреді.

Төмендегі жағдайлардың кез келгенінде компьютерді өшіріңіз:

- Батареяны ауыстыру немесе компьютер ішіндегі бөліктерді қолдану қажет болғанда
- USB (Өмбебап тізбекті шина) портына қосылмаған сыртқы аппараттық құрылғыны қосқан кезде
- Компьютер ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаған немесе сыртқы қуат көзінен ажыратылған кезде.

Компьютерді қуат түймешігі арқылы да өшіруге болатынымен, ұсынылатын үрдіс Windows өшіру пәрменін қолдану болып табылады.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютер ұйқы немесе күту күйінде болғанда, жұмысты аяқтамас бұрын, ұйқы немесе күту күйінен шығу қажет.

1. Жұмысыңызды сақтап, барлық ашық бағдарламаларды жабыңыз.
2. **Пуск (Бастау) > Завершение работы (Жұмысты аяқтау)** тармағын таңдаңыз.

Компьютер жауап бермесе және жұмысты аяқтаудың алдыңғы процедурасын пайдалану мүмкін болмаса, келесі төтенше жағдай процедураларын көрсетілген кезекпен орындап көріңіз:

- **ctrl+alt+delete** пернелер тіркесімін басып, одан кейін экранға шыққан **Питание (Қуат)** түймешігін басыңыз.
- Компьютердің қуат түймешігін кемінде 5 секунд басып тұрыңыз.
- Компьютерді сыртқы қуат көзінен ажыратыңыз.
- Пайдаланушы ауыстыратын батареясы бар үлгілердегі компьютерден батареяны шығарыңыз.


Қуат параметрлерін орнату


Қуатты үнемдеу күйлерін пайдалану

Компьютерде зауытта қосылған қуатты үнемдеудің екі күйі бар: Ұйқы күйі және күту күйі.

Ұйқы күйі қосылғанда, қуат шамдары жыпылықтап, экран тазарады. Жұмыс жадқа сақталады және күту күйіне қарағанда ұйқы күйінен жылдамырақ шығуға мүмкіндік береді. Компьютер ұзақ мерзім үшін ұйқы күйінде болғанда немесе ұйқы күйі кезінде батарея өте төмен деңгейге жеткенде, компьютер күту күйіне қосылады.

Күту күйі қосылғанда, жұмыс қатты дискідегі күту күйінің файлына сақталады және компьютер өшіріледі.

 **ЕСКЕРТУ:** Аудио және видео файлдарын ойнатудың мүмкін нашарлауы, аудио немесе бейне ойнату жұмысының жоғалуы немесе ақпараттың жоғалуы қаупін азайту үшін, дискіден не сыртқы медиа картасынан оқу немесе оған жазу кезінде ұйқы немесе күту күйін қоспаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютер ұйқы күйінде немесе күту күйінде болғанда, желіге қосылудың кез келген түрін қосуды немесе компьютердің кез келген функцияларын орындай алмайсыз.

Ұйқы күйін қосу және одан шығу

Жүйенің зауыттық параметрлері бойынша ұйқы күйі батареяда немесе сыртқы қуат көзінде болған құрылғының біраз уақыт ішінде әрекетсіз тұрғанда басталады.

Қуат параметрлері мен үзілістерін Windows жүйесінің басқару тақтасындағы «Параметры электропитания» (Қуат параметрлері) мәзірі арқылы өзгертуге болады.


Компьютер қосулы болғанда келесі жолдардың кез келгенін қолданып ұйқы күйін қосуға болады:

- Қуат түймешігін жылдам басыңыз.
- Дисплейді жабыңыз.
- **Пуск** (Бастау) түймешігін басып, **Завершение работы** (Жұмысты аяқтау) түймешігіне жақын орналасқан көрсеткіні нұқып, одан кейін **Спящий режим** (Ұйқы күйі) белгішесін басыңыз.

Ұйқы күйінен шығу үшін

- Қуат түймешігін жылдам басыңыз.
- Егер экран сөніп тұрса, оны қосыңыз.
- Пернетақтадағы пернені басыңыз.
- Сенсорлы тақтаны түртіңіз немесе саусақпен үстінен жүргізіп өтіңіз.

Компьютер күту режимінен шыққанда электр қуатының шамдары жанып, экранда жұмысыңыздың тоқтаған жері көрсетіледі.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер күту режимінен қосылған кезде, құпия сөз сұралатындай орнатылған болса, жұмысты жалғастыру үшін, Windows құпия сөзін енгізу қажет болады.

Күйін қосу және одан шығу

Жүйе зауытта не батарея қуатымен, не сыртқы қуатпен істеп тұрғанда бос тұрғаннан кейін, не болмаса батареяның заряды тым төмен деңгейге жеткенде күту күйіне қосылатын етіп орнатылған.

Қуат параметрлері мен үзілістерін Windows жүйесінің басқару тақтасында өзгертуге болады.


Күту күйін қосу үшін

- ▲ **Пуск** (Бастау) түймешігін басып, **Завершение работы** (Жұмысты аяқтау) түймешігіне жақын орналасқан көрсеткіні нұқыңыз, одан кейін **Режим ожидания** (Күту күйі) белгішесін нұқыңыз.

Күту күйінен шығу үшін

- ▲ Қуат түймешігін жылдам басыңыз.

Қуат шамдары жанып, экранда жұмысыңыздың тоқтаған жері көрсетіледі.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер ұйқы режимінен қосылған кезде, құпия сөз сұралатындай орнатылған болса, жұмысты жалғастыру үшін, Windows құпия сөзін енгізу қажет болады.

Қуат көрсеткішін қолдану

Қуат өлшегіш хабарландыру аймағындағы тапсырмалар тақтасының оң жақ шетінде орналасқан. Қуат көрсеткіші қуат параметрлеріне жылдам кіруге және қалған батарея зарядын көруге мүмкіндік береді.

- Батарея зарядының қалған деңгейін және ағымдағы қуат жоспарын экранда көру үшін, меңзерді қуат өлшегіш белгішесінің үстінен жүргізіңіз.
- Қуат параметрлерін ашу немесе қуат жоспарын өзгерту үшін, қуат өлшегіш белгішесін басып, тізімнен бір тармақты таңдаңыз.

Өртүрлі қуат көрсеткішінің белгішелері компьютердің батарея қуатымен немесе сыртқы қуатпен жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді. «Заряд төмен» деңгейіне немесе «Заряд өте төмен» деңгейіне жеткенде, белгіше хабар шығарады.

Қуат жоспарларын пайдалану

Қуат жоспары компьютердің қуатты пайдалану жолын басқаратын жүйелік параметрлердің жинағы. Қуат жоспарлары қуатты үнемдеуге немесе өнімділікті арттыруға көмектеседі.

Ағымдағы қуат жоспарын қарап шығу

Мына әдістердің кез келгенін пайдаланыңыз:

- Хабарландыру аймағындағы тапсырмалар тақтасының оң жақ шетінде орналасқан қуат өлшегіш белгішесін басыңыз.
- **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Электропитание** (Қуат параметрлері) тармақтарын таңдаңыз.

Басқа қуат жоспарын таңдау

Мына әдістердің кез келгенін пайдаланыңыз:

- Хабарландыру аймағындағы қуат өлшегіш белгішесін басып, тізімнен қуат жоспарын таңдаңыз.
- **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік) > Электропитание (Қуат параметрлері)** тармағын таңдап, тізімнен элементті таңдаңыз.

Қуат жоспарларын өзгерту

1. Хабарландыру аймағындағы қуат өлшегіш белгішесін басып, **Дополнительные параметры электропитания (Қосымша қуат параметрлері)** тармағын таңдаңыз.
– немесе –
Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік) > Электропитание (Қуат параметрлері) тармақтарын таңдаңыз.
2. Қуат жоспарын таңдаңыз, одан кейін **Изменить параметры схемы электропитания (Жоспар параметрлерін өзгерту)** пәрменін таңдаңыз.
3. Қажетінше параметрлерді өзгертіңіз.
4. Қосымша параметрлерді өзгерту үшін, **Изменить дополнительные параметры питания (Қуаттың қосымша параметрлерін өзгерту)** тармағын таңдаңыз да, өзгертулерді енгізіңіз.

Оянған кезде сұралатын құпиясөзбен қорғау

Компьютер ұйқы немесе күту күйінен шыққанда, компьютерде құпия сөз сұралуын орнату үшін, осы қадамдарды орындаңыз:

1. **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік) > Электропитание (Қуат параметрлері)** тармақтарын таңдаңыз.
2. Сол жақ тақтадан **Запрашивать пароль при пробуждении (Оянғанда құпия сөз сұрау)** тармағын таңдаңыз.
3. **Изменение параметров, недоступных в данный момент (Қазіргі уақытта қол жетімді емес параметрлерді өзгерту)** параметрін таңдаңыз.
4. **Запрашивать пароль (рекомендуется) (Құпия сөз сұрау (ұсынылады))** параметрін таңдаңыз.



ЕСКЕРІМ: Пайдаланушы есептік жазбасының құпия сөзін жасау немесе ағымдағы құпия сөзді өзгерту қажет болса, **Создание или изменение пароля учетной записи пользователя (Пайдаланушы жазбасының құпия сөзін жасау немесе өзгерту)** тармағын таңдап, экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Пайдаланушы есептік жазбасының құпия сөзін жасау немесе өзгерту қажет болмаған жағдайда, 5-қадамға өтіңіз.

5. **Сохранить изменения (Өзгертулерді сақтау)** параметрін таңдаңыз.

HP Power Assistant пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

HP Power Assistant бағдарламасы компьютердің қуатты тұтынуын және батарея зарядын оңтайландыру мақсатында жүйе параметрлерін реттеуге мүмкіндік береді. HP Power Assistant бағдарламасы қуатты басқару кезінде негізделген шешім шығаруға көмектесетін құралдармен және ақпаратпен қамтамасыз етеді.

- Гипотетикалық жүйе конфигурациясында қуаттың тұтыну болжамдары
- Алдын ала анықталған қуат профилдері
- Қуаттың белгілі уақыт ішінде тұтынуы тенденцияларын көрсететін пайдалану мәліметтері мен графиктері

Windows амалдық жүйесі істеп тұрғанда HP Power Assistant бағдарламасын қосу үшін

- ▲ **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Производительность и средства (Өнімділік және құралдар) > HP Power Assistant** тармақтарын таңдаңыз.

– немесе –

fn+f6 пернелер тіркесімін (тек таңдаулы үлгілерде) немесе **fn+f8** пернелер тіркесімін (тек таңдаулы үлгілерде) басыңыз.

HP Power Assistant пайдалану мен басқару және параметрлерді реттеу туралы ақпаратты HP Power Assistant бағдарламалық құралының анықтамасынан қараңыз.

Батарея қуатын пайдалану

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Пайда болуы мүмкін қауіпсіздік мәселелерін азайту үшін компьютермен бірге жабдықталған батареяны, HP компаниясы ұсынатын ауыстыру батареясын немесе HP компаниясынан сатып алынған үйлесімді батареяны пайдаланыңыз.

Компьютер сыртқы айнымалы ток қуатына жалғанбаған кезде ол батареяның қуатымен жұмыс атқарады. Қуатты басқару параметрлеріне, ашылған бағдарламаларға, экранның жарықтығына, компьютерге жалғанған сыртқы құрылғыларға және басқа да себептерге байланысты компьютер батареясының жұмыс мерзімі әртүрлі болады. Компьютер айнымалы ток қуатына қосылған болса да, батареяны компьютерде сақтау батареяны зарядтайды және де қуат берілмей қалған жағдайда жұмысты қорғайды. Компьютерде зарядталған батарея болса және сыртқы айнымалы ток қуаты іске қосылса, компьютерден айнымалы ток адаптері ажыратылғанда немесе айнымалы ток қуатының берілуі тоқтатылғанда, компьютер батарея қуатын автоматты түрде қосады.

📝 ЕСКЕРІМ: Айнымалы ток көзінен ажыратқан кезде, батареяның қызмет ету мерзімін сақтау үшін, дисплей жарықтығы автоматты түрде азаяды. Дисплей жарықтығын жоғарылату немесе төмендету туралы ақпаратты *Алғашқы жұмыс* нұсқаулығынан қараңыз. Тек таңдаулы компьютер модельдерінде графикалық режимдер батареяның қызмет ету мерзімін ұзарту мақсатында ауыстырылады. Қосымша ақпаратты [Ауыспалы/қосарлы графикалық режимдер \(тек таңдаулы үлгілер\) 34-бетте](#) бөлімінен қараңыз.

Батарея туралы қосымша ақпарат табу

Анықтама және қолдау орталығында мына құралдар және батарея туралы ақпарат бар:

- Батарея жұмысын тексеруге арналған батареяны тексеру құралы
- Батареяның қызмет ету мерзімін ұлғайтуға арналған тексеру, қуатты басқару және дұрыс күтім мен сақтау туралы ақпарат
- Батареяның түрлері, сипаттамалары, батареяның қызмет ету мерзімдері және сыйымдылығы туралы ақпарат

Батарея туралы ақпаратқа қол жеткізу үшін

- ▲ **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Обучение (Үйрену) > Часто задаваемые вопросы в схемах управления питанием (Қуат жоспарлары: жиі қойылатын сұрақтар) тармақтарын таңдаңыз.**

Батарейаны тексеру бағдарламасын пайдалану

Анықтама және қолдау орталығында компьютерде орнатылған батарея күйі туралы ақпарат беріледі.

Батарейаны тексеруді іске асыру үшін

1. Айнымалы ток адаптерін компьютерге қосыңыз.



ЕСКЕРІМ: Батарейаны тексеру құралының дұрыс жұмыс істеуі үшін компьютер сыртқы қуат көзіне жалғануы тиіс.

2. **Пуск** (Бастау) > **Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау) > **Устранение неполадок** (Ақаулықтарды жою) > **Питание, тепловое и механическое** (Қуат, жылу және механикалық) тармақтарын таңдаңыз.
3. **Питание** (Қуат) қойыншасын ашып, одан кейін **Проверка батареи** (Батарейаны тексеру) тармағын таңдаңыз.

Батарейаны тексеру құралы батареяның және оның ұяларының дұрыс жұмыс істейтінін тексереді және тексерудің нәтижелерін хабарлайды.

Қалған батарея зарядын көрсету

- ▲ Меңзерді хабарландыру аймағындағы тапсырма тақтасының оң жақ шетінде орналасқан қуат өлшегіш белгішесінің үстінен жүргізіңіз.

Батарейаның зарядсыздану уақытын ұлғайту

Батарейаның зарядсыздану уақыты батарея қуатын пайдаланғанда қандай мүмкіндіктердің қолданылатынына байланысты әртүрлі болады. Ең көп зарядсыздану уақыты батареяның сақтық сыйымдылығы төмендейтіндіктен біртіндеп қысқарады.

Батарейаның зарядсыздану уақытын ұлғайтуға арналған кеңестер:

- Экранның жарықтығын төмендетіңіз.
- Пайдаланушымен ауыстырылатын батареямен жабдықталған компьютер қолданыста болмағанда немесе зарядталмағанда батареяны компьютерден шығарып алыңыз.
- Пайдаланушымен ауыстырылатын батареяны салқын, құрғақ жерде сақтаңыз.
- Параметры электропитания (Қуат параметрлері) ішінен **Power saver** (Қуат үнемдегіші) параметрін таңдаңыз.

Төмен батарея деңгейлерін басқару

Осы бөлімдегі ақпарат ескертулер мен зауытта орнатылған жүйе жауаптарын сипаттайды. Кейбір батареяның төмендігі туралы ескертулер мен жүйе жауаптарын Windows жүйесінің Панель управления (Басқару тақтасындағы) Параметры электропитания (Қуат параметрлерін) қолдану арқылы өзгертуге болады. Параметры электропитания (Қуат параметрлерін) қолдану басымдықтарының жиынтығы шамдарға әсер етпейді.

Төмен батарея деңгейлерін анықтау

Компьютердің жалғыз қуат көзі болатын батарея заряды төмен батарея деңгейіне жеткенде, батарея шамы жыпылықтайды.

- Батарея шамы (тек таңдаулы үлгілерде) батарея зарядының төмен немесе тым төмен деңгейін көрсетеді.



ЕСКЕРІМ: Батарея шамы туралы қосымша ақпаратты *Алғашқы жұмыс* нұсқаулығынан қараңыз.

– немесе –

- Хабарландыру аймағындағы қуат өлшегіштің белгішесі төмен немесе өте төмен заряд деңгейі туралы хабарландыру береді.



ЕСКЕРІМ: Қуат көрсеткіші туралы қосымша ақпарат алу үшін, [Қуат көрсеткішін қолдану 25-бетте](#) бөлімін қараңыз.

Өте төмен батарея деңгейі кезінде компьютер төмендегі әрекеттерді орындайды:

- Күту күйі қосылған кезде және компьютер қосулы немесе ұйқы күйінде болғанда, компьютер күту күйін іске қосады.
- Күту күйі ажыратылған кезде және компьютер қосулы немесе ұйқы күйінде болғанда, компьютер қысқа уақытқа ұйқы күйіне өтеді және одан кейін өшеді. Барлық сақталмаған ақпарат жоғалады.

Төмен батарея деңгейі мәселесін шешу

Сыртқы қуат қолданылғанда төмен батарея деңгейін шешу

- ▲ Мына құрылғылардың біреуін жалғаңыз:
 - Айнымалы ток адаптері
 - Қосымша жалғау немесе кеңейту құрылғысы
 - HP компаниясынан қосалқы құрал ретінде сатып алынатын қосымша қуат адаптері

Ешқандай қуат көзі болмағанда төмен батарея деңгейін шешу

- Күту күйін қосыңыз.
- Жұмысыңызды сақтап, компьютерді өшіріңіз.

Компьютер күту күйінен шыға алмайтын кезде төмен батарея деңгейін шешу


Күту күйінен шығу үшін компьютерде қажетті қуат жетпеген кезде, келесі қадамдарды орындаңыз:

1. Пайдаланушымен ауыстырылатын заряды таусылған батареяны зарядталған батареяға ауыстырыңыз немесе айнымалы ток адаптерін компьютерге және сыртқы қуат көзіне қосыңыз.
2. Қуат түймешігін басып күту күйінен шығыңыз.

Батарея қуатын үнемдеу


- Windows жүйесінің Панель управления (Басқару тақтасындағы) Параметры электропитания (Қуат параметрлерін) параметрі арқылы төмен қуат деңгейін пайдалану параметрлерін таңдаңыз.
- Сымсыз және LAN қосылыстарын ажыратып, оларды қолданбаған кезде модем бағдарламаларынан шығыңыз.
- Оларды қолданбаған кезде сыртқы қуат көзінен ажыратылмаған сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
- Пайдаланбаған кез келген сыртқы мультимедиа карталарының жұмысын тоқтатыңыз, оларды өшіріңіз немесе шығарып алыңыз.
- Экран жарықтығын азайтыңыз.
- Жұмысты тоқтатқан кезде ұйқы күйін не күту күйін қосыңыз немесе компьютерді сөндіріңіз.

Пайдаланушы ауыстыратын батареяны сақтау (тек таңдаулы үлгілерде)

 **ЕСКЕРТУ:** Батареяны зақымдамау үшін оны ұзақ уақыт бойы жоғары температурада сақтамаңыз.


Компьютер екі аптадан артық пайдаланылмайтын және сыртқы қуат көзіне жалғанбайтын болса, пайдаланушы ауыстыратын батареяны шығарып алып, оны бөлек сақтаңыз.

Сақталатын батареяның зарядын ұзақ уақыт бойы сақтау үшін оны салқын, құрғақ жерге қойыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сақталған батареяны әрбір 6 ай сайын тексеру қажет. Егер сыйымдылығы 50 пайыздан төмен болса, қайта сақтаудан бұрын батареяны қайта зарядтаңыз.

Батарея бір немесе бірнеше ай сақталған болса, оны пайдаланбастан бұрын, тексеріңіз.

Пайдаланушы ауыстыратын батареяны қоқысқа тастау (тек таңдаулы үлгілерде)


 **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Өрт шығу немесе күйік алу қаупін азайту үшін батареяны бөлшектеп алуға, бұзуға немесе тесуге болмайды; батареяның сыртқы түйіспелерін тұйықтамаңыз, батареяны отқа немесе суға тастамаңыз.


Батареяны дұрыс тастау туралы ақпаратты *Заңдық, қауіпсіздік және қоршаған орта ескертулері* бөлімінен қараңыз.


Пайдаланушы ауыстыратын батареяны ауыстыру (тек таңдаулы үлгілерде)

Ішкі бөлім дұрыс зарядталмаған кезде немесе батарея сыйымдылығы «әлсіз» жағдайға жеткенде, Анықтама және қолдау орталығында батареяны тексеру құралы батареяны ауыстыру қажеттігін ескертеді. Батарея HP компаниясының кепілдігімен қамтамасыз етілген жағдайда, нұсқаулардың ішінде кепілдік нөмірі болады. Ауыстыру батареясына тапсырыс беру туралы қосымша ақпарат беретін HP компаниясының веб-торабына сілтейтін хабарлама пайда болады.

Сыртқы айнымалы ток қуаты көзін пайдалану

 **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ұшақ бортында болғанда компьютер батареясын зарядтамаңыз.

 **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Мүмкін сақтық шараларына қатысты мәселелерді болдырмау үшін, компьютермен қамтамасыз етілетін айнымалы ток адаптерін, HP қамтамасыз ететін ауыстырғыш айнымалы ток адаптерін немесе HP компаниясынан сатып алынған айнымалы ток адаптерін ғана пайдаланыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Айнымалы ток көзіне қосылу жөнінде қосымша ақпаратты қораптың ішіндегі *Орнату нұсқаулары* постерінен қараңыз.

Сыртқы айнымалы ток қуаты мақұлданған айнымалы ток адаптерін немесе қосымша жалғау, не кеңейту құрылғысы арқылы қамтамасыз етіледі.

Төмендегі жағдайлардың кез келгенінде компьютерді сыртқы айнымалы ток қуатына қосыңыз:

- Батареяны зарядтағанда немесе тексергенде.
- Жүйелік бағдарламалық құралды орнатқанда немесе өзгерткенде.
- Ақпаратты ықшам дискіге, DVD немесе BD (тек таңдаулы үлгілерде) дискілеріне жазғанда.
- Дискіні дефрагментациялау құралын іске қосқанда.
- Сақтық көшірме жасағанда немесе қалпына келтіргенде.

Компьютерді сыртқы айнымалы токқа қосқанда, төмендегі жағдайлар туындайды:

- Батарея зарядтала бастайды.
- Компьютер қосылып тұрса, хабарландыру аймағындағы қуат өлшегіш белгішесінің түрі өзгереді.

Компьютерді сыртқы айнымалы токтан ажыратқанда, төмендегі жағдайлар туындайды:

- Компьютер батарея қуатына көшеді.
- Батареяның қызмет ету мерзімін сақтау үшін, дисплей жарықтығы автоматты түрде азаяды.

Айнымалы ток адаптерін тексеру

Айнымалы ток қуат көзіне жалғанған компьютерде мына жағдайлар орын алса, айнымалы ток адаптерін тексеріңіз:

- Компьютер қосылмайды.
- Дисплей қосылмайды.
- Қуат шамдары жанбайды.

Айнымалы ток адаптерін тексеру:



ЕСКЕРІМ: Келесі нұсқаулар пайдаланушы ауыстыратын батареясы бар компьютерлерге қатысты қолданылады.


1. Компьютерді сөндіріңіз.
2. Компьютерден батареяны шығарып алыңыз.
3. Айнымалы ток адаптерін компьютерге және ауыспалы ток розеткасына жалғаңыз.
4. Компьютерді қосыңыз.
 - Қуат шамдары *жанса*, айнымалы ток адаптері дұрыс істеп тұр.
 - Егер қуат шамдары *сөніп* тұрса, айнымалы ток адаптері жұмыс істемейді және оны ауыстыру қажет.


Айнымалы токтың қуат адаптерін ауыстыруды орындау туралы ақпарат алу үшін қолдау қызметімен байланысыңыз.

Ауыспалы/қосарлы графикалық режимдер (тек таңдаулы үлгілер)

Кейбір компьютерлер ауыспалы графикалық режимдер немесе қосарлы графикалық режимдермен жабдықталған.

- Ауыспалы графикалық режимдер — AMD™ және Intel арқылы қолданылады. Егер компьютеріңізде AMD динамикалық ауыспалы графикалық режимдер болса, құрылғыңызда тек ауыспалы графикалық режимдер ғана қолданылады.
- Қосарлы графикалық режимдер — тек AMD арқылы қолданылады. Егер компьютеріңізде AMD Radeon қосарлы графикалық режимдер болса, құрылғыңызда тек қосарлы графикалық режимдер ғана қолданылады.

 **ЕСКЕРІМ:** Қосарлы графикалық режимдер DirectX 10-шы немесе 11-ші нұсқасы қолданылатын толық экранды құрылғыларда ғана іске қосылады.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютер ауыспалы графикалық режимдер немесе қосарлы графикалық режимдердің қайсысын қолданатындығын анықтау үшін, ноутбугіңіздің графикалық процессорының конфигурациясын қараңыз. Intel HR орталық процессорлары және AMD Trinity сериялы өнімділігі жылдамдатылған процессорлары ауыспалы графикалық режимдерді қолдайды. AMD Trinity сериялы A6, A8 және A10 өнімділігі жылдамдатылған процессорлары қосарлы графикалық режимдерді қолдайды. AMD Trinity сериялы A4 өнімділігі жылдамдатылған процессорлары қосарлы графикалық режимдерге қолдау көрсетпейді.

Ауыспалы графикалық режимдер мен қосарлы графикалық режимдердің екеуі де графиканы өңдейтін екі режимді ұсынады:

- Жұмыс режимі — бұл режимде бағдарламалар оңтайлы өнімділікпен жұмыс атқарады.
- Қуат үнемдеу режимі — бұл режим батареяның қызмет ету мерзімін сақтайды.

AMD графикалық режимдер параметрлерін басқару үшін

1. Жұмыс үстелінде тінтуірдің оң жақ түймешігін басып, Catalyst басқару орталығын ашыңыз және **Configure Switchable Graphics** (Ауыспалы графикалық режимдердің параметрлерін реттеу) пәрменін таңдаңыз.
2. **Электропитание** (Қуат) қойыншасын нұқып, **Переключаемые графические режимы** (Ауыспалы графикалық режимдер) пәрменін таңдаңыз.


Ауыспалы графикалық режимдерді пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

Ауыспалы графикалық режимдер жұмыс режимі мен қуат үнемдеу режимі арасында ауысуға мүмкіндік береді. Ауыспалы графикалық режимдер Windows 7 Professional, Windows 7 Home Premium және Windows 7 Home Basic амалдық жүйелерінде ғана қолданылады.

Ауыспалы графикалық режимдер параметрлерін басқару үшін


1. Жұмыс үстелін тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Настройка переключаемых графических режимов** (Ауыспалы графикалық режимдердің параметрлерін реттеу) пәрменін таңдаңыз.
2. **Электропитание** (Қуат) қойыншасын нұқып, **Переключаемые графические режимы** (Ауыспалы графикалық режимдер) пәрменін таңдаңыз.

Ауыспалы графикалық режимдер қуат талаптарына сәйкес жұмыс режимін немесе қуат үнемдеу режимін жеке бағдарламаларға автоматты түрде тағайындайды. Сонымен қатар, жеке бағдарлама үшін параметрлерді қолмен өзгертуге бағдарламаны **Недавно открытые приложения** (Жақын арада ашылған бағдарламалар) ашылмалы мәзірінен табыңыз немесе **Другие приложения** (Басқа бағдарламалар) ашылмалы мәзірінің астында орналасқан **Просмотр** (Шолу) пәрменін таңдаңыз. Жұмыс режимін немесе қуат үнемдеу режимін ауыстыруға болады.


 **ЕСКЕРІМ:** Қосымша ақпарат алу үшін, ауыспалы графикалық режимдер бағдарламалық құралының анықтамасын қараңыз.

Қосарлы графикалық режимдерді пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

Егер амалдық жүйеңізде қосарлы графикалық режимдер (екі немесе одан да көп графикалық процессор қосылған кезде) болса, DirectX 10 немесе 11-нұсқасын пайдаланатын толық экрандық құрылғылар үшін бағдарлама қуаты мен өнімділігін арттыру мақсатында AMD Radeon қосарлы графикалық режимдерін іске қосуға болады. DirectX туралы толық ақпаратты <http://www.microsoft.com/directx> мекенжайы бойынша табуға болады.

 **ЕСКЕРІМ:** Қосарлы графикалық жүйелерде режимдер қуат талаптарына сәйкес (динамикалық жоспар) автоматты түрде ғана таңдалады және жұмыс режимі немесе қуат үнемдеу режимі жеке бағдарламаларға автоматты түрде тағайындалады. Алайда, параметрлерді белгілі бір бағдарлама үшін қолмен өзгертуге болады.

AMD Radeon қосарлы графикалық режимдерін қосу немесе өшіру үшін, Catalyst басқару орталығының **Performance** (Өнімділік) қойыншасындағы AMD Radeon Dual Graphics бөлімінде құсбелгі қойыңыз немесе алып тастаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Қосымша ақпарат алу үшін, AMD бағдарламалық құралының анықтамасын қараңыз.

5 Сыртқы карталар және құрылғылар

Медиа картаны оқу құрылғысының карталарын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)


Қосымша сандық карталар деректерді қауіпсіз сақтауға және оларды ыңғайлы түрде ортақ пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл карталар әдетте сандық медиамен жабдықталған камераларда, қалта компьютерлерінде және басқа да компьютерлерде қолданылады.

Компьютеріңіз қолдау көрсететін сандық карта пішімдерін анықтау үшін, *Алғашқы жұмыс* нұсқаулығынан қараңыз.

Сандық картаны енгізу

⚠ ЕСКЕРТУ: Сандық карталар қосқышының зақымдану қатерін азайту үшін, сандық картаны күштеп енгізбеңіз.

1. Сандық картаның белгісі бар жағын жоғары, ал қосқыштарын компьютерге қаратып ұстаңыз.
2. Картаны медиа картаны оқу құрылғысына салып, нық отырғанша үстінен басыңыз.




Құрылғы анықталғанда дыбыс естисіз және параметрлердің мәзірі көрінуі мүмкін.

Сандық картаны шығарып алу

⚠ ЕСКЕРТУ: Ақпарат жоғалуының немесе жүйенің жауап қатпау қаупін азайту мақсатында сандық картасын қауіпсіз шығарып алу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Мәліметтеріңізді сақтап, сандық картамен байланысты барлық бағдарламаларды жабыңыз.
2. Хабарландыру аймағындағы тапсырмалар тақтасының оң жақ шетінде орналасқан батарея көрсеткішінің белгішесін басыңыз. Одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
3. Картаны басып (1), оны ұясынан шығарып алыңыз (2).



📄 ЕСКЕРІМ: Карта шықпаса, оны ұясынан тартып шығарыңыз.

ExpressCard карталарын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

ExpressCard – өнімділігі жоғары дербес компьютер картасы, ол ExpressCard ұясына салынады.

Стандартты дербес компьютер карталарына ұқсас, ExpressCard карталары PCMCIA стандарт талаптарына сәйкес жасалады.

ExpressCard параметрлерін реттеу

Картаға қажет бағдарламалық құралды ғана орнатыңыз. Егер ExpressCard картасы өндірушісінің нұсқаулары бойынша құрылғы драйверлерін орнату қажет болса:

- Амалдық жүйеге қажет құрылғы драйверлерін ғана орнатыңыз.
- Карталар үшін қызмет көрсету, ағытпалар үшін қызмет көрсету сияқты қосымша бағдарламалық құралдарды немесе ExpressCard өндірушісі арқылы жеткізілетін қосуға арналған құралдарды орнатпаңыз.

ExpressCard картасын салу

⚠ ЕСКЕРТУ: Компьютер мен сыртқы медиа карталарды зақымдамау үшін, дербес компьютер картасын ExpressCard ұясына салмаңыз.

ЕСКЕРТУ: Қосқыштарға зақым келтіру қатерін төмендету үшін


ExpressCard картасын күшпен салмаңыз.

ExpressCard картасы пайдаланылып тұрғанда компьютерді басқа орынға жылжытпаңыз немесе тасымалданбаңыз.

📝 ЕСКЕРІМ: Төмендегі сурет пен құрылғыңыздың көрінісі сәл өзгешелеу болуы мүмкін.


ExpressCard ұясында қорғау қосымшасы болуы мүмкін. Қосымшаны алу үшін

1. Қосымшаны бұғаттаудан алу үшін **(1)** басыңыз.
2. Қосымшаны ұясынан шығарыңыз **(2)**.




ExpressCard картасын салу үшін

1. Сандық картаның белгісі бар жағын жоғары, ал қосқыштарын компьютерге қаратып ұстаңыз.
2. Картаны ExpressCard ұясына енгізіп, карта нық отырғанша оны ішіне итеріңіз.




Карта анықталғанда дыбыс естисіз және параметрлердің мәзірі көрінуі мүмкін.


📝 ЕСКЕРІМ: ExpressCard картасы бірінші рет қосылған кезде жүйенің құрылғыны танытқанын көрсету үшін хабарландыру аймағында хабарлама көрсетілуі мүмкін.

 **ЕСКЕРІМ:** Қуатты үнемдеу үшін, пайдаланылмаған кезде ExpressCard картасын тоқтатыңыз немесе шығарып алыңыз.


ExpressCard картасын алып тастау

 **ЕСКЕРТУ:** Ақпарат жоғалуының немесе жүйенің жауап қатпау қаупін азайту мақсатында ExpressCard картасын қауіпсіз шығарып алу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Мәліметтеріңізді сақтап, ExpressCard картасымен байланысты барлық бағдарламаларды жабыңыз.
2. Тапсырмалар тақтасының оң жақ шетінде орналасқан хабарландыру аймағындағы бағдарламалық құралды жою белгішесін басыңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
3. ExpressCard картасын босатып, шығарып алыңыз:
 - а. ExpressCard картасын **(1)** жайлап басыңыз.
 - ә. Сандық картаны оның ұясынан шығарыңыз **(2)**.



Смарт карталарды пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)


 **ЕСКЕРІМ:** *Смарт карта* термині осы тарауда смарт карталар мен Java™ карталарының екі түрін білдіреді.

Смарт карта — жад пен микропроцессоры бар шағын схемалы несие картасы өлшеміндегі қосалқы құрал. Дербес компьютерлер сияқты смарт карталардың кірісті және шығысты басқаратын амалдық жүйелері, сондай-ақ оларды рұқсатсыз пайдаланудан қорғайтын қауіпсіздік мүмкіндіктері бар. Өндірісте қолданылатын смарт карталар оқу құралдарымен (тек таңдаулы үлгілерде) бірге пайдаланылады.

PIN коды микрочип мазмұнына кіру рұқсатын алуға керек. Смарт карталардың қауіпсіздік мүмкіндіктері туралы қосымша ақпаратты Анықтама және қолдау бөлімінен қараңыз.

Смарт картаны енгізу

1. Жапсырмасы бар карта жағын жоғары қаратып, карта нық отырғанша оны смарт карта оқу құралына жайлап салыңыз.



2. Компьютерге смарт картаның PIN коды арқылы кіру жөніндегі экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Смарт картаны шығарып алу

- ▲ Смарт картаның шеттерінен ұстап, оны смарт карта оқу құралынан сыртқа шығарыңыз.



USB құрылғысын пайдалану

Әмбебап сериалды шина (USB) USB пернетақтасы, тінтуір, драйвер, принтер, сканер немесе концентратор сияқты қосымша сыртқы құрылғыны қосуға қолданылатын жабдықтың интерфейсі болып табылады.

Кейбір USB құрылғылары әдетте құрылғымен қоса берілетін қосымша қолдау бағдарламалық құралын қажет етуі мүмкін. Құрылғыға арналған бағдарламалық құрал туралы қосымша ақпаратты өндірушінің нұсқауларынан қараңыз. Бағдарламалық құралмен қамтамасыз етілген бұл нұсқаулар дискіде немесе өндірушінің веб-торабында болуы мүмкін.


Компьютерде USB 1.0, 1.1, 2.0 немесе 3.0 құрылғыларымен жұмыс істейтін кем дегенде 1 USB порты бар. Сонымен қатар, сыртқы құрылғыға қуат беретін USB зарядтау порты компьютеріңізде болуы мүмкін. Қосымша USB қондыру құрылғысы немесе USB концентраторы компьютермен пайдалануға болатын қосымша USB порттарымен қамтамасыз етеді.

USB құрылғысын жалғау

⚠ ЕСКЕРТУ: USB қосқышының зақымдануын болдырмау үшін, құрылғыны күштеп жалғамаңыз.

▲ Құрылғының USB кабелін USB портына жалғаңыз.

📝 ЕСКЕРІМ: Төмендегі сурет пен компьютеріңіз көрінісінің арасында біраз айырмашылық болуы мүмкін.



Құрылғы анықталғанда, дыбыс естіледі.

📝 ЕСКЕРІМ: USB құрылғысы қосылған кезде жүйенің құрылғыны танытқанын көрсету үшін хабарландыру аймағында хабарлама көрсетілуі мүмкін.

USB құрылғысын ажырату

⚠ ЕСКЕРТУ: USB қосқышының зақымдалуын болдырмау үшін, USB құрылғысын ажырату мақсатында кабельден тартпаңыз.

ЕСКЕРТУ: Ақпараттың жоғалуына немесе жүйенің сигнал қабылдамайтын күйге кіруіне жол бермеу мақсатында, USB құрылғысын қауіпсіз шығарып алу үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. USB құрылғысын шығарып алу үшін ақпаратты сақтап, құрылғыға байланысты бағдарламалардың барлығын жабыңыз.
2. Тапсырмалар тақтасының оң жақ шетінде орналасқан хабарландыру аймағындағы бағдарламалық құралды жою белгішесін басыңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
3. Құрылғыны ажыратыңыз.

1394 құрылғыларын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

IEEE 1394 – жылдамдығы өте жоғары мультимедия немесе деректерді сақтау құрылғысын компьютерге жалғайтын аппараттық құрал интерфейсі. Сканер, сандық камера және сандық бейнекамераны 1394 порты арқылы жалғау қажет.


Кейбір 1394 құрылғылары әдетте құрылғымен қоса берілетін қосымша қолдау бағдарламалық құралын қажет етуі мүмкін. Құрылғыға арналған бағдарламалық құрал туралы қосымша ақпаратты өндірушінің нұсқауларынан қараңыз.

1394 порты IEEE 1394a құрылғыларын да қолдайды.

1394 құрылғысын жалғау

⚠ ЕСКЕРТУ: 1394 порт қосқышының зақымдалу қатерін азайту үшін құрылғыны күшпен жалғамаңыз.

- ▲ 1394 құрылғысын компьютерге жалғау үшін, құрылғының 1394 кабелін 1394 портына қосыңыз.



Құрылғы анықталғанда, дыбыс естіледі.

1394 құрылғысын ажырату

⚠ ЕСКЕРТУ: Ақпараттың жоғалуын немесе жауапсыз жүйені болдырмау үшін, 1394 құрылғысын ажыратпас бұрын оны тоқтатыңыз.

ЕСКЕРТУ: 1394 қосқышының зақымдалу қатерін азайту үшін, 1394 құрылғысын ажырату мақсатында кабельден тартпаңыз.

1. 1394 құрылғысын шығарып алу үшін ақпаратты сақтап, құрылғыға байланысты бағдарламалардың барлығын жабыңыз.
2. Тапсырмалар тақтасының оң жақ шетінде орналасқан хабарландыру аймағындағы бағдарламалық құралды жою белгішесін басыңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
3. Құрылғыны ажыратыңыз.

eSATA құрылғысын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

eSATA порты eSATA сыртқы қатты дискісі сияқты өнімділігі жоғары eSATA қосымша құрамдас бөлігін жалғайды.


Кейбір eSATA құрылғылары әдетте құрылғымен қоса берілетін қосымша қолдау бағдарламалық құралын қажет етуі мүмкін. Құрылғыға арналған бағдарламалық құрал туралы қосымша ақпаратты өндірушінің нұсқауларынан қараңыз.

📝 ЕСКЕРІМ: eSATA порты қосымша USB құрылғысын да қолданады.

eSATA құрылғысын жалғау

⚠ ЕСКЕРТУ: eSATA порт қосқышының зақымдалу қатерін азайту үшін құрылғыны күшпен жалғамаңыз.

- ▲ eSATA құрылғысын компьютерге жалғау үшін, құрылғысының eSATA кабелін компьютердегі eSATA портына жалғаңыз.



Құрылғы анықталғанда, дыбыс естіледі.

eSATA құрылғысын ажырату

⚠ ЕСКЕРТУ: eSATA қосқышының зақымдалу қатерін азайту үшін, eSATA құрылғысын ажырату мақсатында кабельден тартпаңыз.

ЕСКЕРТУ: Ақпараттың жоғалуына немесе жүйенің сигнал қабылдамайтын күйге кіруіне жол бермеу мақсатында, құрылғыны қауіпсіз шығарып алу үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз.


1. eSATA құрылғысын шығарып алу үшін ақпаратты сақтап, құрылғыға байланысты бағдарламалардың барлығын жабыңыз.
2. Тапсырмалар тақтасының оң жақ шетінде орналасқан хабарландыру аймағындағы бағдарламалық құралды жою белгішесін басыңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
3. Құрылғыны ажыратыңыз.

Тізбекті құрылғыны пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

Таңдаулы компьютер үлгілерінде тізбекті порт бар. Бұл порт арқылы тізбекті модем, тінтуір немесе принтер сияқты қосымша құрылғылар қосылады.

Кейбір тізбекті құрылғылар әдетте құрылғымен қоса берілетін қосымша қолдау бағдарламалық құралын қажет етуі мүмкін. Құрылғыға арналған бағдарламалық құрал туралы қосымша ақпаратты өндірушінің нұсқауларынан қараңыз.

- ▲ Тізбекті құрылғыны қосу үшін, құрылғының кабелін компьютердегі тізбекті портқа жалғаңыз.



Қосымша сыртқы құрылғыларды пайдалану

ЕСКЕРІМ: Керекті бағдарламалық құрал мен диск жетектері туралы ақпарат алу үшін немесе компьютердің қолданылатын портын білу үшін өндіруші нұсқауларын қараңыз.

Сыртқы құрылғыны компьютерге қосу үшін


ЕСКЕРТУ: Токқа қосылған құрылғыны жалғағанда, жабдықтың зақымдану қатерін азайту үшін, құрылғының өшірілгендігін және айнымалы ток қуаты сымының ажыратылғандығын тексеріңіз.

1. Құрылғыны компьютерге қосыңыз.
2. Егер токқа қосылған құрылғыны қоссаңыз, құрылғының қуат сымын жерге қосылған айнымалы ток розеткасына жалғаңыз.
3. Құрылғыны қосыңыз.

Қуат көзіне қосылмаған сыртқы құрылғыны ажырату үшін құрылғыны өшіріп, одан кейін оны компьютерден ажыратыңыз. Қуат көзіне қосылған сыртқы құрылғыны ажырату үшін құрылғыны өшіріңіз де, оны компьютерден ажыратыңыз, одан кейін айнымалы ток сымын суырыңыз.

Қосымша сыртқы дискілерді пайдалану

Алынатын сыртқы дискілер мәліметтерді сақтау және оларға кіруге арналған мүмкіндіктер санын ұлғайтады. USB жинақтағыш дискісін компьютердегі USB портына жалғау арқылы қосуға болады.

 **ЕСКЕРІМ:** HP сыртқы USB оптикалық дискілерін қуатқа қосылған компьютердегі USB портына (тек таңдаулы үлгілерде) жалғау керек.

USB дискілерінің мына түрлері бар:

- 1,44-Мбайт дискет жетегі
- Қатты диск модулі
- Сыртқы оптикалық диск (ықшам диск, DVD және Blu-ray)
- MultiBay құрылғысы


Кеңейту портын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)


Компьютердегі қосымша порттар мен қосқыштарды пайдалану үшін, компьютер кеңейту порты арқылы қосымша қондыру немесе кеңейту құрылғысына жалғанады.



Қондыру қосқышын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

Қондыру қосқышы арқылы компьютер қосымша қондыру құрылғысына қосылады. Қосымша қондыру құрылғысы компьютермен бірге пайдаланылуы мүмкін қосымша порттармен және қосқыштармен қамтамасыз етеді.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютеріңіз немесе қондыру құрылғысының көрінісі мен төменде көрсетілген сурет сәл өзгешелеу болуы мүмкін.



6 Дискілер

Дискілер ұстау

⚠ ЕСКЕРТУ: Дискілер компьютердің әлсіз бөліктері және оларды абайлап ұстау қажет. Диск жетектерін ұстамас бұрын келесі ескертулерді қараңыз. Қосымша ескертулер олар қолданылатын үрдістерде қамтылған.

Мына сақтық шараларын орындаңыз:


- Сыртқы қатты дискіге қосылған компьютерді қозғамас бұрын, ұйқы күйін қосып, экранның өшірілуіне мүмкіндік беріңіз немесе сыртқы қатты дискіні дұрыс ажыратыңыз.
- Дискіні қолданбас бұрын оның боялмаған метал бетіне саусағыңызды тигізу арқылы статикалық электр қуатын төмендетіңіз.
- Алынатын дискжетегіндегі немесе компьютердегі қосқыш істікшелерді ұстамаңыз.
- Дискіні абайлап ұстаңыз, дискіні түсірмеңіз немесе оған басқа заттарды қоймаңыз.
- Дискіні шығарып алмастан немесе салмастан бұрын компьютерді өшіріңіз. Компьютердің өшірулі, ұйқы күйінде немесе күту күйінде болғанын білмеген жағдайда, компьютерді қосып, амалдық жүйе арқылы өшіріңіз.
- Дискіні дискжетегінің ұясына салған кезде шамадан тыс күш қолданбаңыз.
- Оптикалық диск жетегі дискіге жазып жатқанда, компьютердің пернетақтасын баспаңыз немесе компьютерді жылжитпаңыз. Жазу процесі тербелістерге сезімтал болады.
- Батарея жалғыз қуат көзі болса, ақпарат құралдарына жазбастан бұрын, зарядының жеткілікті екенін тексеріңіз.
- Дискжетегін температура жоғары немесе ылғал жерде сақтамаңыз.
- Дискжетегін сұйықтық бар жерде сақтамаңыз. Дискжетегіне тазарту заттарын шашпаңыз.
- Дискжетегін диск жетегінің ұясынан алмас бұрын немесе онымен саяхатқа, кемемен қыдырғанда немесе дискжетегін сақтағанда, медиа құралын шығарып алыңыз.
- Дискжетегін поштамен жөнелту қажет болғанда, диск жетегін мөлдір пошта бумасына немесе басқа сәйкес қорғаныс бумасына салыңыз және бумаға "FRAGILE" (Сынғыш) белгісін жапсырыңыз.
- Дискінің магниттік өрістердің әсеріне ұшырамауын қадағалаңыз. Магниттік өрісі бар қауіпсіздік құрылғылары әуежайдағы тексеруден өту құрылғылар мен қауіпсіздік бағандарында болады. Жолаушылар жүктерін тексеруге арналған әуежайлардағы конвейерлік жолдар және соған ұқсас қауіпсіздік құрылғылары магниттік өрістің орнына рентген сәулелерін қолданады да, дискілерге зиян келтірмейді.

Қатты дискілерді пайдалану

Қатты дискінің жұмысын жақсарту

Дискіні дефрагментациялау құралын пайдалану

Компьютерді пайдаланғанда, қатты дискідегі файлдар бөлініп қалады. Амалдық жүйе тиімді жұмыс істеуі үшін, дискіні дефрагментациялау құралы қатты дискідегі бөлініп қалған файлдар мен қалталарды қайта біріктіреді.


 **ЕСКЕРІМ:** Дискіні дефрагментациялау құралын жартылай өткізгіш диск жетектерінде істетуге қажет емес.


Дискіні дефрагментациялау құралы басталғаннан кейін, ол қараусыз жұмыс атқарады. Қатты дискінің өлшеміне және бөлініп қалған файлдар санына байланысты, дискіні дефрагментациялау құралының аяқталуы үшін бір сағаттан артық уақыт кетуі мүмкін. Оны түнде немесе компьютерді ашу қажет болмайтын кездегі басқа уақытта іске қосылатын етіп орнатуыңызға болады.

HP қатты дискіні кем дегенде айына бір рет дефрагментациялауды ұсынады. Дискіні дефрагментациялау құралының жұмысын айлық жоспарға орнатсаңыз болады, бірақ дефрагментациялауды кез келген уақытта қолмен жасауға да болады.

Дискіні дефрагментациялау құралын іске қосу:

1. Компьютерді айнаымалы ток көзіне қосыңыз.
2. **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Аксессуары (Керек-жарақтар) > Служебные (Жүйелік құралдар) > Дефрагментация дисков (Дискіні дефрагментациялау)** тармақтарын таңдаңыз.
3. **Дефрагментация диска (Диск дефрагментациясы)** тармағын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Windows жүйесінде компьютердің қауіпсіздігін жақсартуға арналған пайдаланушы жазбасын басқару мүмкіндігі бар. Бағдарламалық құралды орнату, утилиталарды іске қосу немесе Windows параметрлерін өзгерту сияқты тапсырмаларды орындау үшін сізден рұқсат немесе құпия сөз сұралуы мүмкін. Қосымша ақпаратты «Анықтама және қолдау» бөлімінен қараңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Windows жүйесінде компьютердің қауіпсіздігін жақсартуға арналған пайдаланушы жазбасын басқару мүмкіндігі бар. Бағдарламалық құралды орнату, утилиталарды іске қосу немесе Windows параметрлерін өзгерту сияқты тапсырмаларды орындау үшін сізден рұқсат немесе құпия сөз сұралуы мүмкін. Қосымша ақпаратты «Анықтама және қолдау» бөлімінен қараңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін, дискіні дефрагментациялау бағдарламалық құралының анықтамасын қараңыз.

Дискіні тазалау құралын пайдалану

Қатты дискідегі орынды босатып, компьютер жұмысының тиімділігін арттыру үшін дискіні тазалау құралы қатты дискіден еш қауіпсіз жоюға болатын файлдарды іздеп табады.

Дискіні тазалау құралын қосу:


1. **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Аксессуары (Керек-жарақтар) > Служебные (Жүйелік құралдар) > Очистка диска (Дискіні тазалау)** тармақтарын таңдаңыз.
2. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.


HP 3D DriveGuard бағдарламасын (тек таңдаулы үлгілерде) пайдалану

Төмендегі жағдайлардың біреуі орын алса, HP 3D DriveGuard бағдарламасы дискіні өшіру және дерек сұрауларын тоқтату арқылы қатты дискіні қорғайды.

- Сіз компьютеріңізді құлатып алдыңыз.
- Батарея қуатынан қосылып тұрған компьютерді оның дисплейі жабулы күйінде жылжытасыз.

Бұл оқиғалардың біреуі аяқталғаннан кейінгі қысқа мерзімде HP 3D DriveGuard қатты дискіні қалыпты жұмыс жағдайына қайтарады.

 **ЕСКЕРІМ:** Қатты күйдегі диск жетектерінің (SSD) қозғалмалы бөлшектері болмағандықтан, HP 3D DriveGuard қажет емес.

 **ЕСКЕРІМ:** Бастапқы қатты диск ұясындағы немесе қосымша ұясындағы қатты дискілер HP 3D DriveGuard арқылы қорғалады. Қосымша қондыру құрылғыларына орнатылған немесе USB порттарына қосылған қатты дискілер HP 3D DriveGuard арқылы қорғалмайды.

Қосымша ақпаратты HP 3D DriveGuard бағдарламалық құралының анықтамасынан қараңыз.

HP 3D DriveGuard күйін анықтау

Компьютердегі қатты диск шамы бастапқы қатты диск ұясындағы немесе қосымша қатты диск ұясындағы (тек таңдаулы үлгілерде) дискінің қауіпсіз позицияға орнатылғанын көрсету үшін түсті өзгертеді. Дискілердің қазіргі уақытта қорғалып тұрғанын немесе дискінің қауіпсіз позицияға орнатылғанын анықтау үшін, тапсырмалар тақтасының оң жақ шетінде орналасқан хабарландыру аймағындағы белгішені басыңыз.

- Бағдарламалық құрал қосылған жағдайда, қатты диск белгішесінің үстінен баттасып жасыл құсбелгі шығады.
- Бағдарламалық құрал өшірілген болса, қатты диск белгішесінің үстіне қызыл түсті X белгісі қойылады.
- Дискілер қауіпсіз орналастырылғанда, қатты диск белгішесінің үстіне сары ай белгісі қойылады.

Хабарландыру аймағында белгіше қосылмаған болса, оны қосу үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

1. **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Оборудование и звук (Жабдық және дыбыс) > HP 3D DriveGuard** тармағын таңдаңыз.



ЕСКЕРІМ: Пайдаланушы жазбасын басқару функциясымен сұрақ қойылса, **Иә** түймешігін басыңыз.

2. **Значок на панели задач (Тапсырма тақтасындағы белгіше)** жолынан **Отображать (Көрсету)** пәрменін таңдаңыз.
3. **ОК** түймешігін басыңыз.

Қуатты қауіпсіз позицияға орнатылған қатты диск көмегімен басқару

HP 3D DriveGuard дискіні қауіпсіз позицияға орнатқан болса, мына жағдайлар орын алады:

- Компьютер өшпейді.
- Төмендегі ескертуде сипатталған жағдайлардан тыс, компьютер күту режимін немесе ұйқы режимін іске қоспайды.



ЕСКЕРІМ: Компьютер батарея қуатымен жұмыс істеп тұрып, заряд ең төмен деңгейге жетсе, HP 3D DriveGuard компьютерге күту режиміне ауысуға мүмкіндік береді.

- Компьютерде Предупреждения (Ескертулер) қойыншасының Электропитание (Қуат параметрлері) аймағында орнатылған батарея ескертулері іске қосылмайды.

Компьютерді жылжытпас бұрын, HP компаниясы оны алдымен өшіруді немесе күту режиміне не ұйқы режиміне ауыстыруды ұсынады.

HP 3D DriveGuard бағдарламалық құралын пайдалану

HP 3D DriveGuard бағдарламалық құралы сізге мына әрекеттер орындауға мүмкіндік береді:

- HP 3D DriveGuard бағдарламалық құралын қосу және өшіру.



ЕСКЕРІМ: Пайдаланушылық құзырыңызға байланысты, HP 3D DriveGuard мүмкіндігін қосу немесе өшіру рұқсатыңыз болмауы мүмкін. Әкімші болып табылмайтын пайдаланушылардың құзырын әкімшілік топтың мүшелері өзгерте алады.

- Жүйедегі дискінің қолдауы бар-жоқтығын анықтау.

Бағдарламалық құралды ашып, параметрлерін өзгерту үшін, мына қадамдарды орындаңыз:

1. Хабарландыру аймағының оң жағында орналасқан желі белгішесін басыңыз.

– немесе –

Хабарландыру аймағындағы белгішені тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, **Параметры** (Параметрлер) пәрменін таңдаңыз.

2. Параметрлерді өзгерту үшін, тиісті түймешікті басыңыз.
3. **ОК** түймешігін басыңыз.

Оптикалық дискілерді пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

Олар мына мақсаттарға қолданылады:

- ықшам диск
- DVD
- Blu-ray (BD) дискісі

Орнатылған оптикалық жинақтағыш дискіні анықтау


▲ **Пуск (Бастау) > Компьютер** тармақтарын таңдаңыз.

Компьютеріңізде орнатылған оптикалық дискіні қоса барлық құрылғылар көрсетіледі.


Оптикалық дискіні салу

Диск науасы


1. Компьютерді қосыңыз.
2. Диск салғышты шығарып алу үшін, диск салғыш беткі тақтасындағы шығарып алу түймешігін **(1)** басыңыз.
3. Диск салғышты **(2)** ашыңыз.
4. Дискінің тегіс беттерін ұстамау үшін, оның жиектерінен ұстап, диск белгісі жоғары қарайтындай диск салғыш білігіне орналастырыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Диск салғыш толығымен қолданыста болмаса, дискіні біліктің үстіне абайлап орналастырыңыз.


5. Диск **(3)** орнына түскенше оны диск салғыштың білігінде төмен жайлап басыңыз.



6. Диск салғышты жабыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Диск салғаннан кейін диск жетегінің қысқаша тоқталуы қалыпты құбылыс. Егер медиа ойнатқышы таңдалмаған болса, AutoPlay терезесі ашылады. Ол сізге медиа мазмұнын қалай пайдаланатыныңызды таңдауды ұсынады.

Диск саңылауы

 **ЕСКЕРТУ:** Диск саңылауы бар оптикалық диск жетегіне **8 см-лік** оптикалық дискілерді салмаңыз. Бұл оптикалық диск жетегіннің зақымдануына әкелуі мүмкін.

1. Компьютерді қосыңыз.
2. Дискінің тегіс беттерін ұстамау үшін, оның жиектерінен ұстап, диск белгісі жоғары қарайтындай орналастырыңыз.
3. Дискіні диск саңылауы бар оптикалық диск жетегіне жайлап салыңыз.



Оптикалық дискілерді шығарып алу


Диск науасы


Диск салғыш ашылған немесе ашылмаған жағдайға байланысты дискті шығарып алудың 2 жолы бар.

Диск салғыш қалыпты түрде ашылмаған жағдайда

1. Диск салғышты шығару үшін, жетектің беткі тақтасындағы босату түймешігін **(1)** басып, салғышты **(2)** абайлап, толықтай тартып шығарыңыз.

2. Диск шеттерін ұстап тұрып, шпindelді басу арқылы дискті **(3)** шығарыңыз. Дискті шетінен ұстаңыз және бетіне қолыңызды тигізбеңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Науа толық шықпаса, дискті шығару үшін, оны абайлап еңкейтіңіз.




3. Диск науасын жауып, дискті қабына салыңыз.

Диск салғыш қалыпты түрде ашылмаған жағдайда

1. Диск жетегінің бет панеліндегі ашу тесігіне қағаз қыстырғыштың ұшын **(1)** кіргізіңіз.
2. Диск салғыш **(2)** шыққанша қағаз қыстырғышты абайлап итеріп, диск салғышты толық тартып шығарыңыз.

3. Диск шеттерін ұстап тұрып, шпиндельді басу арқылы дискті **(3)** шығарыңыз. Дискті шетінен ұстаңыз және бетіне қолыңызды тигізбеңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Науа толық шықпаса, дискті шығару үшін, оны абайлап еңкейтіңіз.



4. Диск науасын жауып, дискті қабына салыңыз.

Диск саңылауы


1. Диск жетегінің жанындағы босату түймешігін **(1)** басыңыз.
2. Дискінің **(2)** тегіс беттерін ұстамау үшін, оның шеттерінен ұстап алыңыз.




3. Дискті қорғаныш қабына салыңыз.

Оптикалық жинақтағыш дискілерді ортақ пайдалану

Компьютерде ішкі оптикалық диск жетегі болмаса да, бағдарламалық құралды оңай пайдалануға, қолданбаларды орнатуға, желідегі басқа компьютерге жалғанған оптикалық диск жетегін ортақ пайдаланып, деректерді алуға болады. Диск жетектерін ортақ пайдалану — бір компьютерге жалғанған диск жетегін сол желідегі басқа компьютерден пайдалануға мүмкіндік беретін Windows амалдық жүйесінің мүмкіндігі.

 **ЕСКЕРІМ:** Оптикалық диск жетектерін ортақ пайдалану үшін желінің параметрлерін реттеу қажет. Желі параметрлерін реттеу туралы қосымша ақпаратты [Желі орнату \(тек таңдаулы үлгілерде\) 3-бетте](#) бөлімінен қараңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Фильм және ойын DVD дискілері сияқты кейбір дисктер көшірілуден қорғалған болуы мүмкін, сондықтан DVD немесе ықшам диск жетігінің ортақ қолданысына жарамайды.

Оптикалық диск жетегін ортақ пайдалану:

1. Оптикалық диск жетегі ортақ қолданыста болған компьютерден **Пуск (Бастау) > Компьютер** тармағын таңдаңыз.
2. Ортақ қолданылатын оптикалық диск жетегін тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Свойства (Сипаттар)** параметрін таңдаңыз.
3. **Общий доступ (Ортақ пайдалану)** қойыншасын таңдап, **Дополнительный общий доступ (Қосымша ортақ пайдалану)** параметрін таңдаңыз.
4. **Share this folder (Қалтаны ортақ пайдалану)** ұяшығына құсбелгі қойыңыз.
5. **Имя общего ресурса (Ортақ ресурстың аты)** мәтін ұясына оптикалық диск жетегінің атын енгізіңіз.
6. **Применить (Қолдану)** пәрменін таңдап, одан кейін **ОК** түймешігін басыңыз.
7. Ортақ пайдаланудағы оптикалық диск жетегін көру үшін, **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Сеть и Интернет (Желі және Интернет) > Центр управления сетями и общим доступом (Желі және ортақ пайдаланысты басқару орталығы)** тармағын таңдаңыз.

RAID пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)


RAID технологиясы компьютерде екі немесе одан да көп қатты дискіні бір уақытта қатар қолдануға мүмкіндік береді. RAID технологиясы көмегімен аппараттық немесе бағдарламалық құрал параметрлері арқылы бірнеше дискілер біртұтас диск ретінде қолданылады. Егер бірнеше диск біртұтас диск ретінде жұмыс істейтіндей етіп орнатылған болса, олар RAID мөлшері деп аталады.


RAID туралы қосымша ақпарат алу үшін Анықтама және қолдау орталығында орналасқан *Руководство пользователя RAID* (RAID пайдаланушы нұсқаулығын) қараңыз немесе <http://www.hp.com/support> мекенжайындағы HP веб-тарабына өтіңіз.


7 Қауіпсіздік


Компьютерді қорғау

Компьютер қауіпсіздігі ақпараттың құпиялылығы, сенімділігі мен қолжетімділігін қорғау үшін өте маңызды. Windows амалдық жүйесі, Windows емес Computer Setup (BIOS) утилитасы және басқа үшінші тарап бағдарламалық құралдары қамтамасыз ететін стандартты қауіпсіздік функциялары жеке параметрлер мен деректерді вирустар, «құрттар» сияқты түрлі қауіп-қатерлерден және зиян келтіретін код түрлерінен қорғауға көмектесе алады.

 **ЕСКЕРІМ:** Қауіпсіздік шешімдері сақтандырғыш құрал ретінде әрекет ету үшін жасалған. Бірақ олар құрылғыға күтімсіз қараудан немесе оны ұрланудан қорғай алмауы мүмкін.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютерді қызмет көрсету орталығына жібермес бұрын, құпиялы файлдардың сақтық көшірмелерін жасап, файлдарды және құпиясыз параметрлерін жойыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Нұсқаулықтың ішінде сипатталған кейбір функциялар компьютеріңізде болмауы мүмкін.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютеріңіз Computrace құралын қолдайды, бұл онлайн қауіпсіздікке негізделетін қадағалау және қалпына келтіру қызметі кейбір аймақтарда қолжетімді болады. Егер компьютер ұрланған болса, рұқсаты жоқ пайдаланушы Интернетке кіргенде Computrace құралы компьютердің ізін қадағалай алады. Computrace құралын пайдалану үшін, бағдарламалық құралды сатып алып, қызметке жазылуыңыз тиіс. Computrace бағдарламалық құралына тапсырыс беру туралы ақпарат алу үшін, <http://www.hpshopping.com> HP веб-торабына өтіңіз.

Егер компьютер келесі аппараттық құралдармен жабдықталған немесе оған бағдарламалық құралдар орнатылған болса, компьютерді пайдалану оңайлылығы мен оның қауіпсіздігін бұзу қиыншылығын реттеу мақсатымен қауіпсіздік деңгейінің параметрлерін орнатуға болады.

- Егер компьютерге веб-камера орнатылған немесе жалғанған болса және Face Recognition (Бет тану) бағдарламасы орнатылған болса.
- Егер компьютерге саусақ ізін оқу құрылғысы орнатылған немесе жалғанған болса және HP Security Manager бағдарламасы орнатылған болса.

Қосымша ақпаратты *HP ProtectTools консолімен жұмысқа кірісу* жөніндегі нұсқаулықтан және HP ProtectTools Security Manager бағдарламалық құралының анықтамасынан қараңыз.

Компьютер қаупі	Қауіпсіздік мүмкіндігі
Компьютерді рұқсатсыз қолдану	HP ProtectTools Security Manager бағдарламалық құралы (тек таңдаулы үлгілерде) құпия сөз, смарт карта, контактісіз карта, тіркелген бет суреттері, тіркелген саусақ ізі мен басқа аутентификациялық деректермен бірге қолданылғанда.

Компьютер қауіпі	Қауіпсіздік мүмкіндігі
Computer Setup (f10) утилитасына рұқсатсыз кіру	Computer Setup құралындағы BIOS әкімші құпия сөзі*
Қатты диск мазмұнына рұқсатсыз кіру	Computer Setup құралындағы DriveLock құпия сөзі*
Оптикалық диск, дискет жетегі немесе ішкі желілік адаптерден рұқсатсыз бастау	Computer Setup құралындағы жүктеу параметрлері мүмкіндігі*
Windows пайдаланушы жазбасын рұқсатсыз пайдалану	Windows пайдаланушы құпия сөзі
Деректерге рұқсатсыз кіру	<ul style="list-style-type: none"> Қалқан бағдарламалық құралы Windows жаңартулары Drive Encryption for HP ProtectTools (HP ProtectTools үшін дискіні шифрлау) құралы
Computer Setup параметрлеріне және басқа жүйені анықтау ақпаратына рұқсатсыз кіру	Computer Setup құралындағы BIOS әкімші құпия сөзі*
Компьютердің орнын рұқсатсыз ауыстыру	Қауіпсіздік кабелінің ұясы (қосымша қауіпсіздік кабелімен бірге қолданылады)

*Computer Setup дегеніміз алдын ала орнатылған, ROM жадына негізделген утилиталар, ол амалдық жүйе жұмыс істемей тұрғанда немесе жүктелмегенде де қолданылады. Computer Setup утилитасында жылжу және таңдауды жасау үшін, (сенсорлы тақта, меңзегіш таяқша не USB тінтуірі сияқты) меңзегіш құрылғыны немесе пернетақтаны пайдаланыңыз.

Құпиясөздерді пайдалану

Құпия сөз — компьютер ақпаратын қорғау үшін таңдалатын таңбалардың тобы. Ақпаратқа кіруді басқарудың жолына байланысты құпия сөздердің бірнеше түрлері орнатылуы мүмкін. Құпия сөздер Windows жүйесінің немесе компьютерде алдын ала орнатылған Windows жүйесінен басқа жүйелердің Computer Setup утилитасында (BIOS) орнатылады.

- Орнату құпия сөзі және DriveLock құпия сөзі Computer Setup утилитасында орнатылады. Олар жүйенің BIOS бағдарламасы арқылы басқарылады.
- Қалыпты HP ProtectTools мүмкіндіктерін қоса BIOS құралының құпия сөз арқылы қорғалуын қамтамасыз ету үшін, HP ProtectTools Security Manager құпия сөзі болып табылатын енгізілген қауіпсіздік құпия сөзі Computer Setup утилитасында орнатылады. Енгізілген қауіпсіздік құпия сөзі енгізілген қосымша қауіпсіздік чип картасымен бірге пайдаланады.
- Windows құпия сөздері Windows амалдық жүйесінде ғана орнатылады.
- Құпия сөзіңізді USB дискісіне сақтау үшін HP SpareKey құралын пайдаланыңыз. Құпия сөз шифрланады. Computer Setup утилитасында орнатылған BIOS әкімші құпия сөзін ұмытып қалсаңыз, құпия сөзді қалпына келтіру үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ететін сұрақтарға жауап беруіңіз қажет.
- Computer Setup утилитасында қосылатын енгізілген қауіпсіздік құпия сөзі енгізілген қосымша қауіпсіздік чип картасымен және HP ProtectTools Security Manager бағдарламалық құралымен бірге пайдаланады.

Бірдей құпия сөзді Computer Setup утилитасының мүмкіндігі үшін және Windows қауіпсіздік мүмкіндігі үшін пайдалануға болады. Бірдей құпия сөзді Computer Setup утилитасының бірнеше мүмкіндігі үшін пайдалануға болады.

Құпия сөздерді жасау және сақтау үшін төмендегі кеңестерді ісіңізде сақтаңыз:

- Құпия сөздерді жасаған кезде, бағдарлама арқылы орнатылған талаптарды орындаңыз.
- Құпия сөздерді жазып алып, оларды компьютерден алыс қауіпсіз жерге сақтаңыз.
- Құпия сөздерді компьютердегі файлда сақтамаңыз.

Әдетте қолданылатын құпия сөздер тізімі келесі кестелерде беріледі және олардың функциялары сипатталады.

Windows жүйесінде құпия сөздерді орнату

Құпиясөз	Қызмет
Әкімші құпия сөзі*	Windows әкімші есептік жазбасына кіруді қорғайды. ЕСКЕРІМ: Бұл құпия сөзді Computer Setup утилитасының мазмұнына кіру үшін пайдалануға болмайды.
Пайдаланушы құпия сөзі*	Windows пайдаланушы есептік жазбасына кіруді қорғайды.

*Windows әкімші құпия сөзі немесе Windows пайдаланушы құпия сөзі параметрлерін орнату туралы ақпарат алу үшін, **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау)** тармақтарын таңдаңыз.

Computer Setup құралында құпия сөздерді орнату

Құпиясөз	Қызмет
BIOS әкімші құпия сөзі*	Computer Setup құралына кіруді қорғайды.
DriveLock басты құпия сөзі*	DriveLock арқылы қорғалатын ішкі қатты дискіге кіруді қорғайды. Сонымен қатар, ол DriveLock қорғанысын алуға қолданылады. Бұл құпия сөз DriveLock құпия сөздерін іске қосу кезінде орнатылады.
DriveLock пайдаланушы құпия сөзі*	DriveLock арқылы қорғалатын ішкі қатты дискіге кіруді қорғайды және бұл құпия сөз DriveLock құпия сөздерін іске қосу кезінде орнатылады.
TPM енгізілген қауіпсіздік құпия сөзі (тек таңдаулы үлгілерде)	Қалыпты HP ProtectTools мүмкіндіктерін қоса BIOS құралының құпия сөз арқылы қорғалуын қамтамасыз ету үшін, HP ProtectTools Security Manager құпия сөзі болып табылатын енгізілген қауіпсіздік құпия сөзі Computer Setup утилитасында орнатылады. Енгізілген қауіпсіздік құпия сөзі қосымша кірістірілген TPM модулінің енгізілген қосымша қауіпсіздік чип картасымен бірге пайдаланады. Бұл чип HP ProtectTools Security Manager құралының басқа қауіпсіздік мүмкіндіктерін жақсартып оларды іске қосады. Бұл қауіпсіздік мүмкіндігін қолдау мақсатымен бұл құпия сөз үшін қосымша енгізілген қауіпсіздік чипі қажет.

*Осы құпия сөздердің әрбірі туралы толық ақпаратты келесі бөлімдерден қараңыз.

BIOS әкімші құпия сөзін басқару

Осы құпия сөзді орнату, өзгерту немесе жою үшін төменде берілген қадамдарды орындаңыз:

Жаңа BIOS әкімші құпия сөзін орнату

1. Компьютерді қосыңыз немесе өшіріп, қайта іске қосыңыз және экранның төменгі жағында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетіліп тұрғанда, **esc** пернесін басыңыз.
2. Computer Setup утилитасына кіру үшін **f10** пернесін басыңыз.
3. Меңзегіш құрылғының немесе көрсеткі пернелердің көмегімен **Security (Қауіпсіздік) > Setup BIOS Administrator Password** (BIOS әкімші құпия сөзін орнату) тармақтарын таңдаңыз, содан кейін **enter** пернесін басыңыз.
4. Сұралғанда, құпия сөзді теріңіз.
5. Сұралғанда, растау үшін жаңа құпия сөзді қайта теріңіз.
6. Өзгертулерді сақтап, Computer Setup утилитасынан шығу үшін, экранның төменгі сол жақ бұрышында орналасқан **Save** (Сақтау) белгішесін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

– немесе –

Көрсеткі пернелердің көмегімен **File** (Файл) > **Save Changes and Exit** (Өзгертулерді сақтап шығу) перменін таңдаңыз, одан кейін **enter** пернесін басыңыз.

Өзгертулер компьютер қайта іске қосылған кезде күшіне енеді.

BIOS әкімші құпия сөзін өзгерту

1. Компьютерді қосыңыз немесе өшіріп, қайта іске қосыңыз және экранның төменгі жағында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетіліп тұрғанда, **esc** пернесін басыңыз.
2. Computer Setup утилитасына кіру үшін **f10** пернесін басыңыз.
3. Меңзегіш құрылғының немесе көрсеткі пернелердің көмегімен **Security** (Қауіпсіздік) > **Change Password** (Құпия сөзді өзгерту) тармақтарын таңдаңыз, содан кейін **enter** пернесін басыңыз.
4. Сұралғанда, ағымдағы құпия сөзді теріңіз.
5. Сұралғанда, растау үшін жаңа құпия сөзіңізді қайта теріңіз.
6. Өзгертулерді сақтап, Computer Setup утилитасынан шығу үшін, экранның төменгі сол жақ бұрышында орналасқан **Save** (Сақтау) белгішесін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

– немесе –

Көрсеткі пернелердің көмегімен **File** (Файл) > **Save Changes and Exit** (Өзгертулерді сақтап шығу) пәрменін таңдаңыз, одан кейін **enter** пернесін басыңыз.

Өзгертулер компьютер қайта іске қосылған кезде күшіне енеді.

BIOS әкімші құпия сөзін жою

1. Компьютерді қосыңыз немесе өшіріп, қайта іске қосыңыз және экранның төменгі жағында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетіліп тұрғанда, **esc** пернесін басыңыз.
2. Computer Setup утилитасына кіру үшін **f10** пернесін басыңыз.
3. Меңзегіш құрылғының немесе көрсеткі пернелердің көмегімен **Security** (Қауіпсіздік) > **Change Password** (Құпия сөзді өзгерту) тармақтарын таңдаңыз, содан кейін **enter** пернесін басыңыз.
4. Сұралғанда, ағымдағы құпия сөзді теріңіз.
5. Жаңа құпия сөз енгізу сұралғанда, жолақты бос қалдырып, **enter** пернесін басыңыз.
6. Ескертуді оқыңыз. Жалғастыру үшін **YES** (Иә) пәрменін таңдаңыз.
7. Жаңа құпия сөзіңізді қайта енгізу сұралғанда, жолақты бос қалдырып, **enter** пернесін қайта басыңыз.
8. Өзгертулерді сақтап, Computer Setup утилитасынан шығу үшін, экранның төменгі сол жақ бұрышында орналасқан **Save** (Сақтау) белгішесін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

– немесе –

Көрсеткі пернелердің көмегімен **File** (Файл) > **Save Changes and Exit** (Өзгертулерді сақтап шығу) пәрменін таңдаңыз, одан кейін **enter** пернесін басыңыз.

Өзгертулер компьютер қайта іске қосылған кезде күшіне енеді.

BIOS әкімші құпия сөзін енгізу

BIOS әкімші құпия сөзін енгізу сұралған кезде, құпия сөзіңізді (құпия сөзді орнатқанда басылған бірдей пернелерді пайдалану арқылы) теріңіз, одан кейін **enter** пернесін басыңыз. BIOS әкімші құпия сөзін енгізудің 3 сәтсіз әрекетінен кейін компьютерді қайта іске қосып, әрекетті қайта орындау қажет.

DriveLock құпия сөзін басқару

Computer Setup утилитасында DriveLock құпия сөзін орнату, өзгерту немесе жою үшін төменде берілген қадамдарды орындаңыз:

1. Компьютерді қосыңыз және экранның төменгі жағында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетіліп тұрғанда, **esc** пернесін басыңыз.
2. Computer Setup утилитасына кіру үшін **f10** пернесін басыңыз.
3. Меңзегіш құрылғының немесе көрсеткі пернелердің көмегімен **Security** (Қауіпсіздік) > **DriveLock Password** (DriveLock құпия сөзі) тармақтарын таңдаңыз, содан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
4. Таңдалған дискіге DriveLock қорғау мүмкіндігінің қолданылуын растау үшін, DriveLock сөзін растау өрісінде теріңіз, содан кейін **enter** пернесін басыңыз.



ЕСКЕРІМ: DriveLock қорғау мүмкіндігін растау кезінде регистрді ескеру қажет.

Өзгертулер компьютер қайта іске қосылған кезде күшіне енеді.

Computer Setup құралының автоматты DriveLock құпия сөзін пайдалану

Компьютерді бірнеше пайдаланушы қолданған кезде, автоматты DriveLock құпия сөзін орнатуға болады. Автоматты DriveLock құпия сөзі орнатылғаннан кейін, кездейсоқ пайдаланушы құпия сөзі мен DriveLock басты құпия сөзі жасалады. Пайдаланушы құпия сөздің дұрыс деректерін енгізген кезде, бұл кездейсоқ пайдаланушы мен DriveLock басты құпия сөзі дискінің бұғаттауын алу үшін пайдаланылатын болады.



ЕСКЕРІМ: Автоматты DriveLock мүмкіндіктерін пайдалануға кіріспес бұрын, BIOS әкімші құпия сөзі сізде болуы тиіс.

Автоматты DriveLock құпия сөзін енгізу

Computer Setup утилитасында Автоматты DriveLock құпия сөзі мүмкіндігін қосу үшін төменде берілген қадамдарды орындаңыз:

1. Компьютерді қосыңыз немесе өшіріп, қайта іске қосыңыз және экранның төменгі жағында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетіліп тұрғанда, **esc** пернесін басыңыз.
2. Computer Setup утилитасына кіру үшін **f10** пернесін басыңыз.
3. Меңзегіш құрылғының немесе көрсеткі пернелердің көмегімен **Security** (Қауіпсіздік) > **Automatic DriveLock** (Автоматты DriveLock құпия сөзі) тармақтарын таңдаңыз, содан кейін **enter** пернесін басыңыз.

4. Меңзегіш құрылғының немесе көрсеткі пернелердің көмегімен ішкі қатты дискіні таңдаңыз, содан кейін **enter** пернесін басыңыз.
5. Ескертуді оқыңыз. Жалғастыру үшін **YES** (Иә) пәрменін таңдаңыз.
6. Өзгертулерді сақтап, Computer Setup утилитасынан шығу үшін, экранның төменгі сол жақ бұрышында орналасқан **Save** (Сақтау) белгішесін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

– немесе –

Көрсеткі пернелердің көмегімен **File** (Файл) > **Save Changes and Exit** (Өзгертулерді сақтап шығу) пәрменін таңдаңыз, одан кейін **enter** пернесін басыңыз.

Автоматты DriveLock қорғау мүмкіндігін жою

Computer Setup утилитасында DriveLock қорғау мүмкіндігін жою үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Компьютерді қосыңыз немесе өшіріп, қайта іске қосыңыз және экранның төменгі жағында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетіліп тұрғанда, **esc** пернесін басыңыз.
2. Computer Setup утилитасына кіру үшін **f10** пернесін басыңыз.
3. Меңзегіш құрылғының немесе көрсеткі пернелердің көмегімен **Security** (Қауіпсіздік) > **Automatic DriveLock** (Автоматты DriveLock құпия сөзі) тармақтарын таңдаңыз, содан кейін **enter** пернесін басыңыз.
4. Меңзегіш құрылғының немесе көрсеткі пернелердің көмегімен ішкі қатты дискіні таңдаңыз, содан кейін **enter** пернесін басыңыз.
5. Меңзегіш құрал немесе көрсеткі пернелердің көмегімен **Disable protection** (Қорғауды жою) пәрменін таңдаңыз.
6. Өзгертулерді сақтап, Computer Setup утилитасынан шығу үшін, экранның төменгі сол жақ бұрышында орналасқан **Save** (Сақтау) белгішесін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

– немесе –

Көрсеткі пернелердің көмегімен **File** (Файл) > **Save Changes and Exit** (Өзгертулерді сақтап шығу) пәрменін таңдаңыз, одан кейін **enter** пернесін басыңыз.

Саусақ ізін оқу құрылғысын пайдалану (тек қана таңдаулы үлгілерде)

Ішкі саусақ ізін оқу құрылғылары тек таңдаулы үлгілерде қолжетімді болады. Саусақ ізін оқу құрылғысын пайдалану үшін, компьютерде пайдаланушы есептік жазбасы мен Windows құпия сөзін орнату керек. Бұл есептік жазба арқылы анықталған саусағыңызбен компьютерге тигізіп, жүйеге кіруге болады. Сонымен қатар, саусақ ізін оқу құрылғысын жүйеге кіру кезінде веб-сайттар мен басқа да бағдарламалардың құпия сөзін енгізу үшін пайдалануға болады. Нұсқауларды HP ProtectTools бағдарламалық құралының Help (Анықтамасынан) қараңыз.

Саусақ ізін оқу идентификациялық жазбасы тіркелгеннен кейін, пайдаланушы аты мен құпия сөзін енгізуді талап ететін кез келген қолданбаға кіру деректерін жасау кезінде саусақ ізін оқу құрылғысын пайдалануға мүмкіндік беретін бір рет тіркелу қызметін орнатуға болады.

Компьютеріңіздегі саусақ ізін оқу құрылғысының орналасқан жері туралы ақпаратты «Компьютермен танысу» бөлімінен қараңыз.

Интернет қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бағдарламалық құралын пайдалану

Компьютерді электрондық пошта жіберу, желіге немесе Интернетке қосылу үшін пайдаланған кезде компьютерлік вирустар, тыншық бағдарламалар және басқа да зиянды қауіп-қатерлер компьютеріңізге түсуі мүмкін. Олар амалдық жүйені, бағдарламаларды немесе қызметтік бағдарламаларды бұзады, не болмаса олардың нашар жұмыс істеуіне әкеліп соқтырады.

Вирусқа қарсы бағдарламалық құралды пайдалану

Вирусқа қарсы бағдарламалық құрал вирустардың көбін тауып жоя алады, сондай-ақ, көбінесе олардың келтірген зиян салдарын шешеді. Жаңа пайда болған вирустардан уақытымен қорғауды қамтамасыз ету үшін вирусқа қарсы бағдарлама жаңартылып отыруы керек.

Microsoft Security Essentials® сияқты вирусқа қарсы бағдарламалық құрал компьютерде алдын ала орнатылып келеді. Бұл бағдарламалық құрал фондық режимде тиімді түрде жұмыс істейтіндіктен, оны жаңарту жөнінде ескертулер мен хабарламаларға көңіл бөлу қажет емес. Жаңа қауіп-қатерлер анықталған кезде, вирусқа қарсы бағдарламалық құрал автоматты түрде жаңартылады. Ерекше әрекет жасау қажет болса, ескерту хабарламасы түседі.

Компьютер вирустары туралы толық ақпарат алу үшін, «Справка и поддержка» (Анықтама және қолдау) орталығының «Поиск» (Іздеу) жолағына *вирустар* сөзін теріңіз.

Қалқан бағдарламалық құралын пайдалану


Желіаралық қалқан жүйені немесе желіні рұқсатсыз пайдаланудан қорғау үшін жасалған. Желіаралық қалқан компьютерге және/немесе желіге орнатылатын бағдарламалық құрал немесе аппараттық және бағдарламалық құралдың екеуін де қорғайтын шешім болуы мүмкін.

Екі түрлі желіаралық қалқанның ішінен таңдауға болады:


- Хостқа негізделген желіаралық қалқан — тек орнатылған компьютерді қорғайтын бағдарламалық құрал.
- Желіге негізделген желіаралық қалқандар — DSL немесе кабельдік модемнің және үй желісінің арасына орнатылып, желідегі барлық компьютерлерді қорғайды.

Желіаралық қалқан орнатылғаннан соң жүйеге және жүйеден жіберілген барлық деректер тексеріліп пайдаланушы анықтаған қауіпсіздік белгілері бойынша салыстырылады. Осы белгілерге сәйкес келмейтін кез келген деректер құрсауланады.

Компьютеріңізде немесе желілік жабдығыңызда желіаралық қалқан орнатылып қойылған болуы мүмкін. Егер олай болмаса, желіаралық қалқан бағдарламалық құралын орнатуға болады.

 **ЕСКЕРІМ:** Кейбір жағдайларға байланысты қалқан Интернет ойындарына кіруді құрсаулауы, желідегі принтерге немесе файлды ортақ пайдалануға кедергі келтіруі немесе рұқсаты бар электрондық пошта тіркемелерін құрсаулауы мүмкін. Мәселені уақытша шешу үшін, желіаралық қалқанды уақытша өшіріп, орындалатын тапсырманы орындаңыз да, желіаралық қалқанды қайта қосыңыз. Ақаулықты толық шешу үшін, қалқанның параметрлерін қайта реттеңіз.

Қорғаныс жүйесінің маңызды жаңартуларын орнату

 **ЕСКЕРТУ:** Microsoft® маңызды жаңартулардың бар екені туралы ескертеді. Компьютерді қауіпсіздік бұзудан және компьютер вирустарынан қорғау үшін, ескертулерді алғаннан кейін мүмкіндігінше тез Microsoft компаниясынан барлық маңызды жаңартуларды орнатыңыз.


Амалдық жүйе үшін жаңартулар және басқа бағдарламалық құрал компьютер зауыттан жіберілгеннен кейін қол жетімді болуы мүмкін. Компьютерге қол жетімді барлық жаңартулардың орнатылғанын тексеру үшін, осы нұсқауларды орындаңыз:


- Компьютерді орнатқаннан кейін мүмкіндігінше тез Windows Update бағдарламасын іске қосыңыз.
- Бұдан кейін Windows Update қызметін ай сайын қосыңыз.
- Windows және басқа Microsoft бағдарламаларының жаңартуларын шығарылған кезде Microsoft веб-торабы, сондай-ақ анықтама және қолдау орталығындағы жаңартулар сілтемесі арқылы алыңыз.

HP ProtectTools Security Manager пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)


HP ProtectTools Security Manager бағдарламалық құралы кейбір компьютер үлгілерінде алдын ала орнатылып келеді. Бұл бағдарламалық құралды Windows басқару тақтасынан ашуға болады. Оның қауіпсіздік мүмкіндіктері компьютер, желілер мен өте маңызды деректерге рұқсатсыз кіруден қорғайды. Қосымша ақпаратты HP ProtectTools бағдарламалық құралының Help (Анықтамасынан) қараңыз.

Қосымша қауіпсіздік кабелін орнату

 **ЕСКЕРІМ:** Қауіпсіздік кабелі сақтандырғыш құрал ретінде әрекет ету үшін жасалған, бірақ ол компьютерге күтімсіз қараудан немесе оны ұрланудан қорғай алмауы мүмкін.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютердің қауіпсіздік кабелі ұясы осы бөлімдегі суреттегіден сәл өзгешелеу болуы мүмкін. Компьютеріңіздегі құрылғының орналасқан жері туралы ақпаратты *Алғышқы жұмыс* нұсқаулығынан қараңыз.

1. Қауіпсіздік кабелімен қауіпсізденетін нысанды айналдыра ораңыз.
2. Кілтін **(1)** кабель құлпына **(2)** салыңыз.
3. Кабель құлпын компьютердегі қауіпсіздік кабеліне салып **(3)**, кілтпен кабель құлпын құлыптаңыз.



8 Күтім

Компьютерді тазалау

Тазалау заттары

Компьютеріңізді қауіпсіз тазалау және зарарсыздандыру үшін мына заттарды пайдаланыңыз:

- Диметилбензил аммоний хлориді, ең үлкен концентрациясы 0,3 пайыз (Мысалы: бір рет қолданылатын бактерицидтік майлықтар. Бұл майлықтардың сан алуан түрі бар.)
- Шыны тазалауға арналған спиртсіз сұйықтық
- Жеңіл сабынды ерітінді қосылған су
- Құрғақ талшықты тазалағыш мата немесе күдері (майсыз антистатикалық мата)
- Антистатикалық майлықтар

⚠ ЕСКЕРТУ: Мына тазалағыш заттарды пайдаланбаңыз:

Спирт, ацетон, аммоний хлориді, митилен хлориді сияқты қатты еріткіштер және гидрокарбондар; олар компьютердің бетін қатты зақымдауы мүмкін.

Қағаз орамалдар сияқты талшықты материалдар компьютер бетін тырнап тастауы мүмкін. Уақыт өткенде, кір және тазалағыш заттар сызаттарды бітеуі мүмкін.

Тазалау іс реті

Осы нұсқаулықта берілген нұсқауларды компьютерді қауіпсіз тазалау үшін орындаңыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Ток ұру немесе жабдықтың зақымдалуын болдырмау үшін, токқа қосулы компьютерді тазаламаңыз:

Компьютерді өшіріңіз.

Сыртқы қуат көзінен ажыратыңыз.

Токқа қосылатын сыртқы құрылғылардың барлығын ажыратыңыз.


⚠ ЕСКЕРТУ: Компьютер бетіне тазарту заттары немесе сұйықтықтарын тікелей шашпаңыз. Бетіне түскен сұйықтықтар ішкі бөліктердің зақым алуына әкелуі мүмкін.


Дисплейді тазалау

Дисплейді *спиртсіз* әйнек тазалағышқа суланған жұмсақ түксіз матамен абайлап сүртіңіз. Дисплейді жаппас бұрын оның құрғақ болғандығына көз жеткізіңіз.


Құрылғының жақтары мен қақпағын тазалау

Құрылғының жақтары мен қақпағын тазалау және зарарсыздандыру үшін, бұрын аталған тазалау сұйықтықтардың біреуіне суланған жұмсақ микроталшық матаны, күдеріні немесе бір рет пайдаланылатын антисептикалық майлықты пайдаланыңыз.

 **ЕСКЕРТУ:** Сенсорлы тақта мен пернетақтаны тазалау кезінде сұйықтықтың пернелер астына түспейтініне көз жеткізіңіз. Бұл ішкі бөліктерді бір жолға зақымдауы мүмкін.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютердің қақпағынан кір және қалдықтарды тазалау кезінде шеңбер бойынша жылжытыңыз.

- Сенсорлы тақта мен пернетақтаны тазалау және зарарсыздандыру үшін, бұрын аталған тазалау сұйықтықтардың біреуіне суланған жұмсақ микроталшық матаны, күдеріні немесе бір рет пайдаланылатын антисептикалық майлықты пайдаланыңыз.
- Пернелердің жабысуын болдырмау және пернелердің астында орналасқан шаңды, түктерді және қалдықтарды тазалау үшін қысылған ауамен пернетақтаны үріңіз.

 **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ток соғуды болдырмай немесе ішкі бөліктеріне зақым келтірмей тазалау үшін шаңсорғышты қолданбаңыз. Шаңсорғышты қолданғанда пернетақта бетіне тұрмыстық қалдықтар жиналып қалуы мүмкін.

Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту

HP компаниясы бағдарламалар мен драйверлерді жүйелі түрде ең соңғы нұсқаларға дейін жаңартуға кеңес береді. АҚШ-та қолдау алу үшін, <http://www.hp.com/go/contactHP> мекенжайы бойынша веб-торапты қараңыз. Дүние жүзі бойынша қолдау алу үшін, http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html веб-торабын қараңыз.

SoftPaq Download Manager құралын пайдалану

HP SoftPaq Download Manager (SDM) құралы HP бизнес компьютерлері үшін SoftPaq ақпаратын SoftPaq нөмірін енгізбестен жылдам ашуға мүмкіндік береді. Бұл құралды пайдалану арқылы SoftPaq файлдарын оңай тауып, оларды жүктеп ашуға болады.

SoftPaq Download Manager құралы HP FTP веб-торабында орналасқан компьютер үлгісі мен SoftPaq ақпараты бар дерекқор файлын оқып, оны жүктейді. SoftPaq Download Manager құралы жүктеуге болатын SoftPaq файлын анықтау үшін бір немесе бірнеше компьютер үлгісін көрсетуге мүмкіндік береді.

SoftPaq Download Manager құралы HP FTP веб-торабында дерекқор немесе бағдарламалық құралдың жаңартулары бар-жоқтығын тексереді. Егер жаңартулар табылған болса, олар жүктеліп, автоматты түрде қолданылады.

SoftPaq Download Manager құралын HP веб-торабынан жүктеп алуға болады. SoftPaq Download Manager құралын SoftPaq файлдарын жүктеп алуға пайдалану үшін, алдымен бағдарламаны жүктеп орнатуыңыз тиіс. HP веб-торабына <http://www.hp.com/go/sdm> мекенжайы бойынша өтіп, SoftPaq Download Manager бағдарламалық құралын жүктеу және орнату нұсқауларын орындаңыз.

SoftPaq файлдарын жүктеп алу үшін

1. Веб-браузерді ашыңыз. АҚШ-та қолдау алу үшін, <http://www.hp.com/go/contactHP> мекенжайы бойынша веб-торапты қараңыз. Дүние жүзі бойынша қолдау алу үшін, http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html веб-торабын қараңыз.
2. **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Справка и поддержка HP (HP анықтамасы және қолдау) > HP Software Setup** тармақтарын таңдаңыз.
3. **Check for Software Updates** (Бағдарламалық құрал жаңартуларының бар-жоқтығын тексеру) түймешігін басыңыз.
4. SoftPaq Download Manager құралын бірінші рет бастаған кезде, бағдарламалық құралды пайдаланылып тұрған компьютер немесе қолданылатын барлық модельдер үшін көрсету туралы сұралатын терезе ашылады. **Show software for all supported models** (Бағдарламалық құралдың барлық қолдау көрсетілетін үлгілерге арналған түрін көрсету) параметрін таңдаңыз. Егер HP SoftPaq Download Manager бағдарламалық құралын бұрын пайдаланған болсаңыз, 3-қадамға өтіңіз.
 - a. Амалдық жүйені және тіл сүзгілерін Параметры конфигурации (Конфигурация параметрлері) терезесінде таңдаңыз. Сүзгілер Каталог продуктов (Өнімдер каталогы) аймағындағы мүмкіндіктер тізімін шектейді. Мысалы, егер амалдық жүйе сүзгісінің тек Windows 7 Professional параметрі таңдалған болса, Каталог продуктов (Өнімдер каталогы) аймағында Windows 7 Professional амалдық жүйесі ғана көрсетіледі.
 - ә. Басқа амалдық жүйелерді қосу үшін, Каталог продуктов (Өнімдер каталогы) терезесіндегі сүзгілеу параметрлерін өзгертіңіз. Қосымша ақпаратты HP SoftPaq Download Manager бағдарламалық құралының Help (Анықтамасынан) қараңыз.
5. Үлгілер тізімін кеңейту үшін, сол жақ аумақта қосу (+) белгісін басып, жаңартылатын өнімдердің үлгісін немесе үлгілерін таңдаңыз.
6. Таңдалған компьютер үшін қол жетімді SoftPaq бағдарламалық құрал файлдарының тізімін жүктеп алу үшін, **Find Available SoftPaqs** (Қол жетімді SoftPaq файлдарын табу) түймешігін басыңыз.

7. Қол жетімді SoftPac бағдарламалық құрал файлдарының біреуін таңдап, бірнеше SoftPac бағдарламалық құрал файлдарын жүктеп алу керек болса **Download Only** (Тек жүктеу) параметрін таңдаңыз. Себебі SoftPac бағдарламалық құрал файлын таңдау және Интернет байланысының жылдамдығы жүктеу процесі қанша уақыт алатынын көрсетеді.

Егер сіз бір немесе екі SoftPac файлын жүктеп алғыңыз келсе және сіз жоғары жылдамдықты Интернет қосылысын пайдалансаңыз, **Загрузить и распаковать** (Жүктеп алу және ашу) пәрменін таңдаңыз.

8. Таңдалған SoftPac бағдарламалық құрал файлын компьютерде орнату үшін, SoftPac Download Manager бағдарламалық құралының ішінде **Install SoftPac** (SoftPac бағдарламалық құрал файлын орнату) түймешігін тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз.

HP Software Setup утилитасын пайдалану


HP Software Setup утилитасы дегеніміз компьютерде алдын ала орнатылмаған бағдарламаларға жылдам кіруге рұқсат беретін құрал. HP Software Setup утилитасы аппараттық құралдарды іске қосатын драйверлерді және қосымша бағдарламалық құралдарды орнатуға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл құралды кез келген бағдарлама жаңартуларын SoftPac Download Manager арқылы жүктеу үшін қолдануға болады.

HP Software Setup утилитасын ашу үшін **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Справка и поддержка HP (HP анықтамасы және қолдау) > HP Software Setup**. тармақтарын таңдаңыз.


9 Computer Setup (BIOS) және Advanced System Diagnostics

Computer Setup пайдалану

Computer Setup немесе BIOS (Basic Input/Output System) жүйедегі бүкіл кіріс және шығыс құрылғыларының (мысалы, диск жетектері, монитор, пернетақта, тінтуір және принтер) арасындағы байланысты басқарады. Computer Setup ішінде орнатылған құрылғылардың параметрлері, компьютердің жүктелу реті және жүйе мен кеңейтілген жадтың көлемі қамтылған.

 **ЕСКЕРІМ:** Computer Setup құралына өзгертулер енгізу кезінде сақ болыңыз. Қателер компьютердің жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.

Computer Setup (Компьютерді орнату) утилитасын бастау

 **ЕСКЕРІМ:** Қосымша драйверлі USB қолдауы іске қосылған болса, USB портына жалғанған сыртқы пернетақтаны немесе тінтуірді Computer Setup утилитасында пайдалануға болады.

